"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2026 жылғы 24 маусымдағы
№ 20 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2026 жылғы 01 шілдеден бастап

қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық өткізу

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2026

М А З М Ұ Н Ы

1-бөлім. Жалпы қағидалар 3
1-тарау. Осы ережелердің мақсаты мен қолданылуы 5
2-тарау. Биржалық нарықтар 5
3-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылар 6
2-бөлім. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу 7
4-тарау. Сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізудің жалпы қағидалары 7
5-тарау. Сауда-саттық күні (сауда-саттықты өткізу уақыты) 8
6-тарау. Биржалық сауда-саттықты өткізудің шарттары мен әдістері 9
7-тарау. Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қол жеткізу 10
8-тарау. Сауда-клирингілік шоттар 10
9-тарау. Сауда-саттықты ашу 11
10-тарау. Өтінімдер 12
11-тарау. Қаржы құралдарымен мәміле жасасу 15
12-тарау. Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді ресімдеу 15
13-тарау. Сауда-саттықты тоқтата тұру және қайта бастау 16
14-тарау. Сыни оқиғалардың туындауы себебінен сауда-саттықты тоқтата тұру 17
15-тарау. Сыни оқиғалар туралы уәкілетті органды хабардар ету 18
16-тарау. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің іс-әрекеттерін қадағалау 19
3-бөлім. Сауда-саттық өткізу барысында туындайтын техникалық іркілістер және еңсерілмейтін күш жағдайлары 19
17-тарау. Техникалық іркілістер және еңсерілмейтін күш жағдайлары 19
18-тарау. Сауда-саттықты өткізуде техникалық іркіліс туындаған кездегі Биржаның іс-қимылы 20
19-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кездегі Биржаның іс-қимылы 21
20-тарау. Техникалық істен шығу және/немесе еңсерілмейтін күш жағдайлары кезінде сауда-саттықты қайта бастау 21
21-тарау. Сауда-саттыққа қатысушы жағындағы техникалық істен шығу кезіндегі іс-әрекеттер 21
4-бөлім. Биржаның және оның мүшелерінің жауапкершілігі 22
22-тарау. Биржаның жауапкершілігі 22
23-тарау. Биржа мүшелерінің жауапкершілігі 20
24-тарау. Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер эмитентінің ерекше міндеттері 23
25-тарау. Маркет-мейкерлердің міндеттерін орындамағаны немесе бұзғаны үшін жауапкершілік 23

26-тарау. Сауда-саттыққа қатысушылардың қор нарығында ОК қатыспаған орындалмаған міндеттемелер мен қайта есеп айырысу бойынша жауапкершілігі 23

27-тарау. ОК қатыспаған қор нарығындағы мәмілелер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу тәртібі 25

5-бөлім. Тұжырымды қағидалар 26

Қосымша 27

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2026 жылғы 06 қазандағы отырыстың № 33 хаттамасы) бекітілген;

– 2026 жылғы 06 қазаннан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) биржалық сауда-саттығын ұйымдастырудың және өткізудің бірыңғай қағидаттарын, талаптары мен тәртібін, биржалық сауда-саттықты өткізудің шарттары мен әдістерін, сондай-ақ Биржа мүшелерінің Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігін, Биржа өндіріп алатын айыппұлдардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібін айқындайды.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1-тарау. ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Осы Ережелердің мақсаты – Биржада қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, мәміле жасасу және оларды ресімдеу, сауда-саттықты тоқтата тұру және қайта бастау, техникалық іркілістер кезіндегі іс-қимылдар процедураларын, сондай-ақ осы Ережелерді бұзғаны үшін жүктелетін жауапкершілікті белгілеу.
2. Осы Ережелер сауда-саттыққа барлық қатысушы және Биржа өткізетін сауда-саттыққа қол жеткізу рұқсаты бар өзге де тұлғалар үшін міндетті болып табылады және Биржаның сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі құзыреті шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шегінде қолданылады.
3. Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықтамалары жоқ шартты белгілер мен терминдерді пайдаланады. Мұндай белгілер мен терминдер Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған Биржаның Глоссарийінде көрсетілген.

2-тарау. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚТАР

4. Биржадағы сауда-саттық мынадай нарықтарда жүзеге асырылады:
   1) қор нарығы – бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері жасалатын, сондай-ақ мәні осы бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздар болып табылатын репо операциялары жүргізілетін ұйымдастырылған нарық;
   2) валюта нарығы – шетел валюталарын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын, сондай-ақ валюталық своп операциялары мен шетел валютасымен операциялар жүргізілетін ұйымдастырылған нарық;
   3) мерзімді нарық – бағалы қағаздар болып табылмайтын туынды қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын ұйымдастырылған нарық.
5. Биржалық статистиканы қалыптастыру, тұлғалардың шектелмеген тобына тиісті ақпаратты ашып көрсетудің аналитикалық функцияларын жүзеге асыру мақсатында Биржа нарықтардың мынадай түрлерін айқындайды:
   1) қор нарығы – туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері жасалатын ұйымдастырылған нарық;
   2) валюта нарығы – шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын ұйымдастырылған нарық;
   3) ақша нарығы – репо операциялары, валюталық своп операциялары және шетел валютасымен операциялар жүргізілетін ұйымдастырылған нарық;
   4) мерзімді нарық – бағалы қағаздар болып табылмайтын туынды қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын ұйымдастырылған нарық.

3-тарау. САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

6. Сауда-саттыққа қатысушылар тек:

   1) Биржа мүшелері – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәміле жасауға құқығы бар өзге де заңды тұлғалар;

   2) жосықсыз/дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтын реттеу жөніндегі мәмілелерді жасасу шеңберінде орталық контрагенттің функцияларын орындайтын кезде "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – клиринг орталығы).

7. Биржа мүшесі етіп қабылдау, Биржа мүшелерін сауда-саттыққа жіберу тәртібі және Биржа мүшелеріне қойылатын талаптар Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжатымен реттеледі.

8. Биржа мүшелері мәмілелерді өз атынан, өз мүддесі үшін және өз есебінен және/немесе тапсырмасы бойынша, клиенттердің есебінен және мүддесі үшін жасауға құқылы.

9. Биржаның мүшелері төлеуге тиісті биржалық алымдардың құрамы мен мөлшері (мөлшерлемелері), мұндай жарналар мен алымдарды төлеу мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ оларды төлемегені, толық немесе уақытылы төлемегені үшін жауапкершілік Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу үшін алынатын комиссия туралы қағида" атты ішкі құжатында белгіленеді.

10. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы (бұдан әрі – қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы) ретінде Биржада тіркелген заңды тұлға (оның ішінде "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі) төмендегі функцияларды жүзеге асырады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*:

    1) кастодиан клиентінің атынан мәміле жасасу үшін сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыны тағайындау;

    2) қамтамасыз етуді басқару және:

       – өзінің сауда-клирингілік шотына;

       – сауда-саттыққа тағайындалған уәкілетті қатысушылардың сауда-клирингілік шоттарына қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу;

    3) клиенттердің активтерін мақсатты орналастыруды бақылау:

       – ОК қатысқан мәмілелер бойынша – тиісті сауда-клирингілік шоттарға есеп айырысуға беру/қабылдау;

       – ОК қатыспаған мәмілелер бойынша – жасалған мәмілелерді растау;

    4) кастодиандық шот пен сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының шоты арасында Биржаның сауда-клирингтік жүйесінде операцияларды жүргізу, талаптар мен міндеттемелердің орындалуын аудару – мәміле жасалған сауда-саттық режиміне сәйкес келетін есеп айырысуға аудару операциялары бойынша сауда-саттық режимінде;

    5) клирингілік клиенттің кастодиандық шотына байланыстырылған екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шоттан жасалған мәмілелер бойынша сауда-саттық қорытындысы бойынша мәлімет алу;

    6) мәмілелерді есептеуге/растауға қабылдау бойынша шешім қабылдау (бақылау элементі ретінде):

       – қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы есеп айырысуға қабылдамаған ОК қатысқан мәмілелерді сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы өзінің меншікті активтері есебінен орындайды;

       – сауда-саттыққа қатысушы ОК қатыспаған мәмілені қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы растауға тиіс өзінің меншікті активтері есебінен орындайды.

11. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғаны қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы ретінде тіркеу үшін осы тұлға Биржаның интернет-ресурсында

орналастырылған белгіленген нысандағы тиісті өтінішті жіберуге тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.

12. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы өз клиентінің мүддесінде мәміле жасасу мақсатында Биржаға оның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы өтінішті жібере отырып, осы клиенттің есебінен және мүддесінде мәміле жасасуға сауда-саттыққа қатысушыға уәкілеттік береді.

13. Қаржы құралдарының өтімділігін арттыру мақсатында Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарына қатысты Биржа мүшесінің маркет-мейкер мәртебесін алу мүмкіндігі көзделген.

14. Маркет-мейкер мәртебесін берудің және тоқтатудың шарттары мен тәртібі, талаптары, сондай-ақ олардың қызметінің өзге де шарттары Биржаның Басқармасы бекітетін Биржаның "Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері" (бұдан әрі – Маркет-мейкерлер ережелері) атты ішкі құжатымен анықталады.

15. Биржа мүшесі Биржа өткізетін сауда-саттықта Биржадағы мүшелігінің санатына сәйкес онымен мәміле жасасуға құқығы бар қаржы құралдары атауларының шектелмеген саны бойынша маркет-мейкер мәртебесін алуға құқылы.

    Егер маркет-мейкерлер ережелерінде өзгеше белгіленбесе, егер осы Ережелерде өзгеше белгіленбесе, қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесі Биржаның бірнеше мүшесіне берілуі мүмкін.

2-бөлім. САУДА-САТТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

4-тарау. САУДА-САТТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

16. Биржа сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді Биржаның мынадай сауда-клирингілік жүйелерінде қашықтан қол жеткізу режимінде жүзеге асырады:

    1) ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесі;

    2) ASTS+ валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесі;

    3) Spectra мерзімді нарығының сауда-клирингілік жүйесі.

    Дауыстық процедуралар пайдаланылатын сауда-саттық осы Ережелерде айқындалған жағдайларда қолданылады.

17. Биржадағы сауда-саттық Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарына қатысты Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда ғана жүргізіледі.

18. Қор нарығында мәмілелер клирингілік процедураларды және неттингті қолдана отырып, ОК қатысқан сауда-саттық режимінде де, сондай-ақ әрбір мәміле бойынша жеке есеп айырысуды (гросс-есеп айырысу) жүзеге асыра отырып, ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде де жасалуы мүмкін.

    Валюталық және мерзімді нарықтарда мәмілелер тек қана клирингілік процедуралар мен неттингті қолдана отырып, ОК қатысқан сауда-саттық режимінде жасалады.

19. Қор нарығында ОК қатысқан сауда-саттық режимдеріне ішінара қамтамасыз ету шарттарымен Т+ тізіміне кіретін бағалы қағаздар, толық қамту шарттарымен – Т+ тізіміне кірмеген бағалы қағаздар жіберіледі.

    Т+ тізіміне кіретін бағалы қағаз осындай бағалы қағаз бойынша "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленген кезде толық қамту шартымен сауда-саттық режимінде саудалануы мүмкін. Мұндай жағдайда осы бағалы қағаз үшін көзделген барлық сауда-саттық режимінде мәміле жасасу бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер бөлігінде жүзеге асырылады.

    Ішінара қамтамасыз ету шарттарымен жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз етуге қабылданатын бағалы қағаздар Т+ қамтамасыз ету тізімін қалыптастырады.

    Т+ тізімі және Т+ қамтамасыз ету тізімі клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес бекітіледі және қайта қаралады.

20. Репо операцияларының мәні болуы мүмкін бағалы қағаздардың түрлері Биржаның Басқармасы бекітетін "Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" атты ішкі құжатымен (бұдан әрі – Сауда-саттық регламенті) анықталады.

21. Биржалық нарықтардағы ОК функцияларын, сондай-ақ клирингілік қызметті және есеп айырысу ұйымының қызметін клирингілік қызметті және есеп айырысу ұйымының қызметін жүзеге асыру үшін тиісті лицензиялары бар Биржамен жасалған шарттың (келісімнің) негізінде клиринг орталығы жүзеге асырады.

22. Қор нарығындағы мәмілелер бойынша ОК қатысқан сауда-саттық режиміндегі есеп айырысу ұйымы:

    1) ақша бойынша – клиринг орталығы;

    2) бағалы қағаздар бойынша – "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) болып табылады.

    Осы Ережелердің 22-1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда, ОК қатыспайтын сауда-саттық режимдерінде жасалған қор нарығындағы мәмілелер бойынша ақша мен бағалы қағаздар жөніндегі есеп айырысу ұйымы Орталық депозитарий болып табылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.

22-1. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін клирингілік қатысу сертификаттарымен жасалатын мәмілелер бойынша (бұдан әрі – мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС) есеп айырысу ұйымы:

    1) ақша бойынша – клиринг орталығы;

    2) мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС бойынша – Орталық депозитарий;

    3) көміртегі бірліктері бойынша – көміртегі бірліктерінің сауда-саттық жүйесінің операторы

    (осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен енгізілген).

23. Клиринг орталығы валюталық және мерзімді нарықтардағы ақша бойынша есеп айырысу ұйымы болып табылады.

24. Егер осы Ережелерде өзгеше белгіленбесе, бағалы қағаздарға жазылу және бағалы қағаздарды жария ұсыну әдістерімен өткізілетін қор нарығындағы сауда-саттық бойынша ақша жөніндегі есеп айырысу ұйымы Орталық депозитарийден немесе клиринг орталығынан басқа ұйым болуы мүмкін. Бұл ретте клиринг орталығы мәмілелер бойынша есеп айырысу процесіне қатыспайды және осындай есеп айырысуға байланысты қандай да бір қызмет көрсетпейді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.

25. Ақша бойынша есеп айырысу жүргізу үшін сауда-саттыққа қатысушының Орталық депозитарийде банктік шоты (меншікті және клиенттердің агрегатталған шоты) болуы немесе ол "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" АҚ-тың банкаралық ақша аудару жүйесінің қатысушысы болуы не Биржада сауда-клирингілік шоты болуға тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.

26. Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүргізу үшін сауда-саттыққа қатысушының Орталық депозитарийде жеке шоты мен қосалқы шоттары немесе Биржада осы сауда-клирингілік шот шеңберінде ашылған (онда сауда-саттыққа қатысушының меншікті бағалы қағаздары немесе оның клиенттерінің бағалы қағаздары есепке алынатын) сауда-клирингілік шоты болуға тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.

27. Орталық депозитариймен электрондық құжаттар алмасуды Орталық депозитариймен жасалған тиісті шарттың негізінде клиринг орталығы немесе Биржа жүзеге асырады.

28. Сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы, Сауда-саттыққа қатысушылар мен Биржа арасындағы Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде қаржы құралдарымен мәміле жасау және оларды орындау мәселелері бойынша даулар мен жанжалдарды, сондай-ақ айыппұлдарды (тұрақсыздық айыбын) төлеу мәселелері бойынша келіспеушіліктерді шешу, Биржаның санкцияларды қолдану мәселелері Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібі" атты ішкі құжатында айқындалған тәртіппен реттелуге тиіс.

5-тарау. САУДА-САТТЫҚ КҮНІ (САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ)

29. Биржа сауда-саттық күні ішінде Қазақстан Республикасының әрбір жұмыс күні сауда-саттық өткізеді.

30. Сауда-саттық күні (сауда-саттықты өткізу уақыты) деп барлық қаржы құралы үшін немесе олардың жекелеген түрі үшін оның сауда-клирингілік жүйелерінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасалуы мүмкін жұмыс күні шегінде Биржа белгілеген кезең түсініледі.

31. Сауда-саттық күні нарықтың түріне қарай жеке сауда-саттық сессияларына бөлінуі мүмкін.

32. Сауда-саттықты өткізу және қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің жұмыс уақыты және қаржы құралдарының өзге де стандартты параметрлері Сауда-саттық регламентінде анықталады.

33. Жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттық күні Биржа Басқармасы Төрағасының өкімімен:

    1) осы Ережелердің 20-тарауында көрсетілген жағдайлар туындаған;

    2) Биржаға клиринг орталығынан клирингілік қызметті жүзеге асыру және ОК функцияларын орындау мақсатында сауда-саттықты өткізу уақытын ұзарту (қайта ашу) туралы жазбаша хабарлама келіп түскен;

    3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен өкім келіп түскен;

    4) сауда-саттыққа қатысушыдан сауда-саттыққа осы қатысушының бұрын ашылған позицияларын жабу және/немесе осы қаржы құралдарымен бұрын жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұзарту (қайта ашу) туралы жазбаша өтініш келіп түскен кезде өзгертілуі мүмкін. Өтініште сауда-саттықты ұзартудың болжамды уақыты туралы мәліметтер, сауда-саттықты ұзарту себептерінің сипаты қамтылуға тиіс.

6-тарау. БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

34. Биржа сауда-саттықты мынадай әдістермен ұйымдастырады:

    1) үздіксіз қарсы аукцион әдісі;

    2) тікелей мәміле жасасу әдісі;

    3) мамандандырылған сауда-саттық әдісі (мамандандырылған сауда-саттық);

    4) бағалы қағаздарды жария ұсыну әдісі (жария ұсыныс);

    5) бағалы қағаздарға жазылу әдісі (жазылу);

    6) ағылшын сауда-саттығының әдісі;

    7) голландтық сауда-саттық әдісі;

    8) дискреттік аукцион әдісі[1] (дискреттік аукцион);

    9) фиксинг әдісі.

35. Сауда-саттыққа қатысу сипаты бойынша әдістер:

    1) осы Ережелердің 34-тармағының 1), 3)–4), 6)–9) тармақшаларында көрсетілген әдістерге жататын ашық сауда-саттық әдістері;

    2) осы Ережелердің 34-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген әдістерге жататын жабық сауда-саттық әдістері болып бөлінеді.

36. Қолданылу сипаты бойынша сауда-саттықты өткізу әдістері:

    1) осы Ережелердің 34-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген әдістер жататын Сауда-саттық регламентіне сәйкес тұрақты негізде өткізілетін тұрақты сауда-саттық;

---

[1] Валюта нарығында сауда-саттық өткізу кезінде пайдаланылатын "дискреттік аукцион әдісі" ұғымы кейбір нормативтік құқықтық актілерде және Биржа мүшелерінің ішкі құжаттарында пайдаланылатын "франкфурттық сауда-саттық әдісі" ұғымына ұқсас.

2) Биржаның Басқармасы бекітетін Биржаның "Мәміле жасасу ережелері" атты ішкі құжатында көзделген жағдайларда және тәртіппен қолданылатын жекелеген негіздер бойынша өткізілетін сауда-саттық, оның ішінде:

– сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша және жалғыз сатушы не орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, иеленетін) қаржы құралын сатып алушы болған кезде жүргізілетін осы Ережелердің 34-тармағының 3)–7) тармақшаларында көрсетілген әдістер;

– Сауда-саттық регламентінде айқындалған жағдайларда және тәртіппен қолданылатын осы Ережелердің 34-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген дискреттік аукцион әдісі;

– үздіксіз қарсы аукцион әдісіне қатысты сақтық әдіс болып табылатын және Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу мүмкін болмаған кезде қолданылатын осы Ережелердің 34-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген фиксинг әдісі болып бөлінеді.

37. Сауда-саттықты ұйымдастыру тәсілі бойынша сауда-саттықты өткізу әдістері:

1) осы Ережелердің 34-тармағының 1)–5) және 8) тармақшаларында көрсетілген әдістер жататын Биржаның сауда-клирингілік жүйелерін пайдалана отырып;

2) осы Ережелердің 34-тармағының 6), 7) және 9) тармақшаларында көрсетілген әдістерге жататын дауыстық процедураларды пайдалана отырып Биржа ұйымдастыратын әдістерге бөлінеді.

38. Егер жекелеген қаржы құралы үшін Биржаның өзге ішкі құжаттарында өзгеше әдіс белгіленбесе, сауда-саттықты барлық алаңда өткізудің негізгі әдісі үздіксіз қарсы аукцион әдісі болып табылады. Сауда-саттықты өткізудің қосымша әдісі – тікелей мәміле жасасу әдісі. Сауда-саттықты өткізудің резервтік әдісі – фиксинг әдісі.

"Жеке орналастыру" алаңының бағалы қағаздарын орналастыру бойынша сауда-саттықты өткізу әдісі жазылу әдісі болып табылады. Осы норманың сақталмауына Биржа мүшесі жауапты болады.

"Жеке орналастыру" алаңының бағалы қағаздарын орналастырудың негізгі талаптары Мәміле жасасу ережелерінде айқындалған.

Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ны орналастыру жөніндегі аукцион жазылу әдісімен өткізіледі *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен енгізілген).*

39. Биржалық сауда-саттық әдістерінің сипаты және оларды өткізу шарттары осы Ережелердің қосымшасында айқындалған.

7-тарау. БИРЖАНЫҢ САУДА-КЛИРИНГІЛІК ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

40. Пайдаланушыларды Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қосу тәртібі және оларды пайдалану тәртібі, техникалық құралдарға және ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар, сондай-ақ пайдаланушыларды оқыту және тікелей қол жеткізу жүйелерін (DMA) қолдану тәртібі Биржаның Басқармасы бекітетін "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-клирингілік жүйелеріне қол жеткізу рұқсатын беру ережелері" ішкі құжатында анықталады.

41. Қаржы құралдары бойынша сауда-саттыққа сауда-саттыққа қатысушының атынан Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қол жеткізу рұқсатын алған ол уәкілеттік берген трейдерлер қатысады. Биржа уәкілетті трейдерлер үшін оқытуды ұйымдастырады.

Трейдерлер Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне осы Ережелердің 40-тармағында көрсетілген Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен оқудан өткеннен кейін ғана қол жеткізу рұқсатын алады.

8-тарау. САУДА-КЛИРИНГІЛІК ШОТТАР

42. Сауда-саттыққа қатысушыларға мәміле жасасу мақсатында Биржаның Басқармасы бекітетін Биржаның "Сауда-клирингілік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі" атты ішкі құжатында белгіленген тәртіппен сауда-клирингілік шоттар ашылады.

43. Қор нарығында мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың мынадай сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:

    1) меншікті сауда-клирингілік шот;

    2) клиенттің сауда-клирингілік шоты;

    3) позицияларды біріктірілген есепке алуға арналған клиенттің сауда-клирингілік шоты.

44. Валюта нарығында мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың мынадай сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:

    1) меншікті сауда-клирингілік шот;

    2) клиенттің біріктірілген сауда-клирингілік шоты.

45. Мерзімді нарықта мәмілелер сауда-саттыққа қатысушылардың мынадай сауда-клирингілік шоттарын пайдалана отырып жасалуы мүмкін:

    1) меншікті сауда-клирингілік шот;

    2) клиенттің сауда-клирингілік шоты.

9-тарау. САУДА-САТТЫҚТЫ АШУ

46. Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздармен оларды бастапқы орналастыру мақсатында сауда-саттықты ашу Мәміле жасасу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

47. Валюта және мерзімді нарықтарда қаржы құралдарымен сауда-саттықты ашу және тоқтату Биржа Басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

48. Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздармен сауда-саттық осы бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысының сауда-саттықты ашу туралы өтініштері негізінде сауда-саттықтың қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасы мүшесінің және осы Ережелерде белгіленген мерзімдерде Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған тиісті нысандар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруге (егер маркет-мейкердің болуына листингілік талап белгіленген болса) "қор" санатындағы Биржаның мүшесінің шешімі бойынша:

    1) егер осы бағалы қағаздар "Акциялар" секторында болса – осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап үш ай ішінде;

       егер бағалы қағаздар IPO өткізу мақсатында алғаш рет ресми тізімге енгізілген акциялар болып табылса, онда осы акциялармен сауда-саттық IPO аяқталғаннан кейін, бірақ осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап алты айдан кешіктірілмей ашылуға тиіс;

       егер акциялардың эмитенті жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, онда осы акциялардың сауда-саттығы осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап үш ай ішінде немесе жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органның рұқсатын алған күннен бастап үш ай ішінде (мерзімдерінің қайсысы кешірек өтетініне қарай) ашылуға тиіс;

    2) егер осы бағалы қағаздар "Негізгі" немесе "Баламалы" алаңдарының "Облигациялар" санаты бойынша "Борыштық бағалы қағаздар" секторында немесе "Аралас" алаңының "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторында болса – бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап үш ай ішінде немесе осы бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық күнінен бастап үш ай ішінде (мерзімдерінің қайсысы кешірек өтетініне қарай);

    3) егер осы бағалы қағаздар "Негізгі" немесе "Балама" алаңдарының "Коммерциялық облигациялар" санаты бойынша "Борыштық бағалы қағаздар" секторында болса – бағалы

қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап бір ай ішінде немесе осы бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру бойынша бірінші өткізілген сауда-саттық күнінен бастап бір ай ішінде (мерзімдерінің қайсысы кешірек өтетініне қарай);

4) егер бағалы қағаздар "Аралас" алаңының "Туынды бағалы қағаздар" немесе "Исламдық бағалы қағаздар" немесе "Мемлекеттік бағалы қағаздар" (шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар үшін) секторында болса, немесе "Негізгі" алаңының "Банктік депозиттік сертификаттар" секторында болса, немесе егер бағалы қағаздар осы бағалы қағаздар эмитентінің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылса – бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап алты ай ішінде;

5) егер осы бағалы қағаздар "Аралас" алаңының "KASE Global" секторында болса – бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен бастап үш ай ішінде;

6) егер осы бағалы қағаздар "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында болса – бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізген күннен бастап үш ай ішінде ашылады;

7) егер бағалы қағаздар мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС болса – Биржаның "қор" санатындағы мүшесінің немесе көміртегі бірліктерінің сауда-саттық жүйесі операторының сауда-саттықты ашу туралы өтініші алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей не осындай өтініште көрсетілген күннен бастап (егер көрсетілген күн өтініш алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кейін келсе) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен енгізілген)*.

49. "Аралас" алаңының "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізілген бағалы қағаздармен сауда-саттық мынадай мерзімдерде:

1) егер бағалы қағаздарды шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарса – осы бағалы қағаздар ресми тізімге енгізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап;

2) егер бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе жергілікті атқарушы органдар шығарса – осы бағалы қағаздар Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап ашылады.

Бұл ретте, егер бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарса және Astana International Exchange ресми тізімінде болса, онда осы бағалы қағаздармен сауда-саттық осы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізіміне енгізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен бастап ашылады.

50. Биржаның бағалы қағаздармен сауда-саттық жасауы Биржа Басқармасының шешімі бойынша тиісті өтініш берілмей ашылады.

51. Егер қандай да бір бағалы қағаздармен сауда-саттық осы Ережелердің 48-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мерзімдер ішінде ашылмаса, Листинг комиссиясының немесе Биржа Басқармасының (осы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу туралы шешімді қай органның қабылданғанына қарай) қарауына осы бағалы қағаздардың делистингі туралы мәселе шығарылады. Делистинг тәртібі листингілік процедураларды жүзеге асыру тәртібін айқындайтын Биржаның жеке ішкі құжатымен айқындалған.

Бұл ретте осы Ережелердің 48-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мерзімдер өткенге дейін берілген қол жеткізу рұқсатын беру бастамашысының өтініші негізінде Биржаның Листинг комиссиясының/Биржа Басқармасының шешімімен (осы бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу туралы шешімді қандай органның қабылданғанына қарай) бағалы қағаздармен сауда-саттық ашу мерзімі мынадай негіздердің кез келгені бойынша ұзартылуы мүмкін:

1) IPO шеңберінде акцияларды орналастыру IPO аяқталғаннан кейін алты ай ішінде жүзеге асырылмаған;

2) осы бағалы қағаздарды ұстаушы бір тұлға болып табылады;

3) осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты көрсетілген мерзімде ашуға болмайтын өзге де себептер бар.

10-тарау. ӨТІНІМДЕР

52. Өтінімдер:

    1) бағыты бойынша:

    сатуға өтінімдер, яғни қаржы құралдарын сатушылар берген өтінімдер;

    сатып алуға өтінімдер, яғни қаржы құралдарын сатып алушылар берген өтінімдер;

    2) өзектілік дәрежесі бойынша:

    қолданыстағы өтінімдер;

    қолданылмайтын өтінімдер;

    3) бағаны көрсету бойынша:

    лимиттелген өтінімдер;

    нарықтық өтінімдер болып бөлінеді.

53. Өтінімдердің жекелеген түрі үшін сауда-клирингілік жүйеге мәміле жасасу ерекшеліктерін нақтылайтын қосымша белгілерді көрсете отырып, өтінім беруге болады. Мұндай өтінімдер үшін өтінімді орындау типі бойынша белгілерді көрсету мүмкіндігі көзделеді:

    1) қалдық бойынша:

    кезекке қою – өтінім кезекке қойылады, мәміле жасау рұқсат етілген қарсы өтінімдер болған кезде жүргізіледі;

    қалдықты алу – мәмілелер жасалғаннан кейін қанағаттандырылмаған қалдық алынады;

    толық алу немесе бас тарту – өтінім оның параметрлерін толық қанағаттандыратын рұқсат етілген қарсы өтінімдер болмаған кезде алынады;

    2) бағасы бойынша:

    бір баға бойынша – мәміле өтінімде көрсетілген бағадан нашар болмаған, ал қанағаттандырылмаған қалдық осы өтінім бойынша соңғы жасалған мәміленің бағасы бойынша кезекке қойылған жағдайда бірінші жол берілетін қарсы өтінімнің бағасы бойынша жасалады. Егер өтінімді енгізу кезінде қарсы өтінімдер болмаса, "бір бағамен" белгісі бар өтінім "кезекке қою" белгісі көрсетілген өтінім ретінде кезекке қойылады;

    әртүрлі баға бойынша – мәміле жол берілетін қарсы өтінімдердің бағасы бойынша жасалады. Бір мезгілде "толық немесе бас тарту" және "бір баға бойынша" деген екі белгі көрсетілуі мүмкін, бұл жағдайда өтінім барлық көлемге бір баға бойынша қанағаттандырылады немесе сауда-клирингілік жүйе қабылдамайды.

    Өтінімді орындау типі бойынша – баға бойынша өтінім берген кезде – "орташа сараланған баға бойынша" қосымша кіші түрін көрсетуге болады, бұл ретте өтінімнің бағасы ағымдағы орташа сараланған бағаға тең автоматты түрде белгіленеді.

54. Өтінімдердің жекелеген түрі үшін сауда-клирингілік жүйеге айсберг-өтінім, яғни қосымша белгісі көрсетілген өтінімдер берілуі мүмкін: "лоттарда көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін саны". Сауда-саттықтың жекелеген кезеңі және/немесе сауда-саттық режимдері үшін мұндай қосымша белгіні көрсетуге сауда-клирингілік жүйесінің баптауларымен тыйым салынуы мүмкін.

    Айсберг-өтінімді беру сауда-саттыққа қатысушыларға өтінім беру кезінде белгіленген қаржы құралдарының көрінетін саны немесе мәміле жасалғаннан кейін есептелген қаржы құралдарының көрінетін санының мәні туралы өтінімдердің кезегінде ақпаратты ашуды білдіреді, өтінімдегі қаржы құралдарының қалған саны сауда-саттыққа қатысушыларға өтінімдердің кезегінде ашылмайды, яғни жасырын болып табылады.

55. Өтінім беру оны берген сауда-саттыққа қатысушының осы өтінім негізінде мәміле жасасуға сөзсіз келісімін білдіреді.

56. Лимиттелген өтінім беру оны берген сауда-саттыққа қатысушының онда көрсетілген баға бойынша немесе осы қатысушы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын баға бойынша осы өтінім негізінде мәміле жасасуға келісімін білдіреді.

57. Өтінім беру Биржаның оны біржақты қабылдауын білдірмейді. Тиісінше, қандай да бір сауда-саттыққа қатысушы берген өтінім, егер оны Биржа қабылдамаса, қанағаттандырылмайды.

58. Сауда-саттық өткізудің кез келген сәтінде сауда-саттыққа қатысушы өзі бұрын берген өтінімнің күшін жоюға немесе оның шарттарын өзгертуге құқылы.

    Қанағаттандырылмаған өтінімнің қолданылу мерзімі бір сауда-саттық күнін құрайды. Сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін Биржа осы Ережелердің 63-тармағында белгіленген шарттарды қоспағанда, қанағаттандырылмаған барлық өтінімнің күшін жояды.

59. Өтінімнің күшін жою:

    1) сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттық өткізген кезде – оны сауда-клирингілік жүйесінен алып тастау жолымен;

    2) дауыс беру процедураларын пайдалана отырып сауда-саттықты өткізу кезінде – осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушының оны кері қайтарып алуы немесе оны Биржа жарамсыз деп тануы арқылы жүзеге асырылады.

60. Өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушының оның күшін жоюға осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшерінде ғана жол беріледі.

    Биржаның өтінімнің күшін жоюы сауда-саттық сессиясы аяқталғаннан кейін осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшерінде жүзеге асырылады.

61. Өтінімнің шарттарын өзгерту оның күшін жою және шарттары өзгертілген жаңа өтінімді сауда-клирингілік жүйемен тіркеу жолымен жүзеге асырылады.

62. Қор және валюта нарықтарында өтінімде оның жандану уақыты не оның қолданылу мерзімінің аяқталу уақыты көрсетілуі мүмкін; бұл ретте:

    1) егер осы өтінімде осы өтінім негізінде мәміле жасасу мүмкін болатын сауда-саттық күні ішіндегі уақытты анықтайтын оны жандандыру уақытына нұсқау болса:

       аталған өтінімді Биржа көрсетілген уақыт басталғанға дейін жоя алмайды;

       аталған өтінімді Биржа сауда-саттық сессиясы аяқталған сәтте жояды;

    2) егер осы өтінім оның қолданылу мерзімінің аяқталу уақытына нұсқауды қамтыған болса:

       аталған өтінімді Биржа көрсетілген уақыт басталғанға дейін жоя алмайды;

       аталған өтінімді көрсетілген уақыт келген сәтте Биржа жояды.

63. Мерзімді нарықта өтінімде оның қолданылу мерзімі аяқталатын күні көрсетілуі мүмкін. Бұл жағдайда Биржа мынадай өтінімнің күшін:

    1) егер өтінімде көрсетілген күн қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күнінің күніне дейін келетін болса – күні осы қаржы құралы бойынша өтінімде көрсетілген күнге сәйкес келетін сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін;

    2) егер өтінімде көрсетілген күн қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күнімен сәйкес келсе – осы қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін;

    3) егер өтінімде көрсетілген күн қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні күнінен кейінгі күнге келсе – осы қаржы құралы айналысының соңғы күні болып табылатын сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін жояды.

64. Өтінімдерді сауда-клирингілік жүйе мынадай жағдайларда қабылдамауы мүмкін:

    1) айсберг-өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін саны мәнінің осындай өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының жасырын санына белгіленген минималды жол берілетін қатынасы бұзылған;

    2) айсберг-өтінімнің көрінетін қаржы құралдарының минималды мөлшерінің немесе лоттардағы көрінетін қаржы құралдарының минималды мөлшерінің белгіленген шектелуі бұзылған;

    3) баға клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген баға дәлізінің жоғарғы немесе төменгі шекараларының шегінен асып кеткен;

    4) сауда-саттыққа қатысушыда бірыңғай шектелімнің теріс мәні туындаған не берілетін өтінім сауда-саттыққа қатысушыда бірыңғай шектелімнің теріс мәнінің туындауына немесе сауда-саттыққа қатысушының бірыңғай шектелімінің төмендемейтін мәнінің белгіленген мәнінің бұзылуына әкеп соққан;

5) қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде белгілі бір бағалы қағазға/сауда-клирингілік шотқа/сауда-саттыққа қатысушыға қатысты оларды орындау нәтижесінде туындаған бағалы қағаздармен/немесе ақша бойынша міндеттемелер бойынша толық көлемде қамтамасыз етудің болмауына әкеп соғатын мәміле жасасуға өтінімдер беруге мүмкіндік бермейтін шектеулер белгіленген;

6) сауда-клирингілік жүйесінің баптауларында көзделген өтінімнің міндетті деректемелері болмаған;

7) егер қарама-қарсы бағыттағы өтінімді орындау сауда-клирингілік шоттардың, сауда-клирингілік шоттар деректемелерінің немесе клиенттердің бірегей кодтарының сәйкес келуі салдарынан кросс-мәміле жасасуға әкеп соғуы мүмкін болған.

65. Өтінімді қабылдаған жағдайда сауда-клирингілік жүйесі мынадай іс-қимылдарды орындайды:

1) осы өтінімді/міндеттемелерді орындауға арналған есепті қамтамасыз ету ретінде ақшаны және/немесе бағалы қағаздарды оқшаулайды;

2) осы өтінімді/міндеттемелерді орындауға арналған берген сауда-саттыққа қатысушының жоспарлы және есептік позицияларының мәнін осы өтінімнің/орындауға арналған есептің мөлшеріне өзгертеді.

66. Сауда-клирингілік жүйеге демеушілік қол жеткізу клиентінің өтінімін берер алдында тапсырма оның атынан осындай тапсырма негізінде өтінім берілуі мүмкін сауда-саттыққа қатысушы белгілеген шектеулерге сәйкестігіне тексеруден өтеді.

67. Егер демеушілік қол жеткізу клиентінің тапсырмасы белгіленген шектеулерге сәйкестігіне тексеруден табысты өткен жағдайда, мұндай клиенттің тапсырмасын алған сауда-саттыққа қатысушы сауда-клирингілік жүйесіне өтінім беруге құқылы.

68. Сауда-саттыққа қатысушы сауда-клирингілік жүйеде клиенттің мүддесіне демеушілік қол жеткізу үшін берілген өтінімдерді белгілі бір енжарлық шегіне жеткен[2]:

1) сауда-клирингілік жүйесімен клиенттік қосылу;

2) сауда-саттыққа қатысушының сауда-клирингілік жүйесімен қосылу ажыратылған немесе жоғалған кезде автоматты түрде алып тастауды көздейтін опцияларды белгілеуге құқылы.

11-тарау. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН МӘМІЛЕ ЖАСАСУ

69. Биржа мүшелері мәмілелерді өз атынан, өз мүддесі үшін және өз есебінен (дилерлер) және/немесе тапсырмасы бойынша, клиенттердің есебінен және мүдделері үшін (брокерлер) жасауға құқылы.

70. Егер сауда-саттыққа қатысушы өз клиентінің атынан әрекет ететін брокер болып табылса, онда ол осындай клиентпен жасалған шарт шеңберінде клиенттің бұйрығына сәйкес мәміле жасасуға міндетті.

71. Мәміле жасасу тәртібі, сондай-ақ мәмілелер жасалуы мүмкін сауда-саттық режимдері Мәміле жасасу ережелерінде белгіленеді.

12-тарау. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕРДІ РЕСІМДЕУ

72. Осы Ережелерге және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттыққа қатысушылар арасында оларды өткізу барысында жасалған қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелері қаржы құралдарымен биржалық мәмілелер деп танылады. Мәмілелер Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде тіркелгеннен кейін жасалған болып есептеледі.

73. Қаржы құралдары бойынша жасалған мәмілелер биржалық куәліктермен ресімделеді.

---

[2] Сауда-саттыққа қатысушы өтінім бермеген немесе олардың күшін жоймаған не олардың шарттары өзгертілген Биржа белгілеген уақыт кезеңі.

74. Биржалық куәлік биржалық сауда-саттық барысында қаржы құралдары бойынша мәмілелер жасалғанын, сондай-ақ мұндай мәмілелердің Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде тіркелгенін куәландыратын құжат болып табылады.

75. Биржалық куәлік сауда-саттық қорытындысы бойынша сауда-саттыққа қатысушыға берілетін деректердің құпиялылығын және өзгермеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, Биржаның электрондық қызметтерінің платформасы арқылы электрондық түрде беріледі.

76. Биржада жасалған мәміленің тараптары туралы ақпарат, сондай-ақ оны жасағаннан кейін ресімделген биржалық куәліктің мазмұны бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпия болып табылады және Биржаның жария етуіне не үшінші тұлғаларға беруіне жатпайды.

13-тарау. САУДА-САТТЫҚТЫ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУ

77. Бағалы қағаздармен сауда-саттық мынадай жағдайларда:

1) Биржа инвесторлардың, сауда-саттыққа қатысушылардың және Биржаның мүдделерін елеулі түрде қозғайтын ақпарат алған;

2) осы бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркеуді тоқтата тұрған;

3) Орталық депозитарий осы бағалы қағаздарды есепке алуды тоқтата тұрған;

4) Биржа уәкілетті органнан осы бағалы қағаздардың эмитентіне уәкілетті органның қадағалау ден қою шарасын және/немесе шектеулі ықпал ету шарасын қолданғаны туралы ақпарат алған;

5) эмитент міндеттемелерді қайта құрылымдауды жүргізген;

6) облигацияларды ұстаушылар: эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларға ақы төлеу тәсілдері және олар бойынша кіріс алу туралы мәліметтерге; эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібіне, сондай-ақ Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды, олар болған кезде, сатып алудың қосымша шарттарына; бар болса, ковенантқа (шектеулерге); эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттарына, мерзімдеріне және тәртібіне (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде); осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитентінің мүлкі туралы мәліметтерге (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша); облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты туралы мәліметтерге қатысты облигациялар шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған;

7) егер маркет-мейкердің болуына қойылатын талап Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген болса, бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер болмаған;

8) акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырған (осындай орналастыру кезеңінде);

9) бағалы қағаздарды, оның ішінде осындай сату (осындай өтеуін төлеп алу, осындай сатып алу) кезеңінде сатылатын (өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) бағалы қағаздарды жалғыз сатушы (сатып алушы) сатқан, кері сатып алған немесе иемденген;

10) борыштық бағалы қағаздарды алдағы уақытта мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеген;

11) Биржада оларды шығару шарттарына сәйкес алдағы және/немесе ағымдағы купондық кезеңге борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі туралы ақпарат болмаған;

12) өз қызметін Америка Құрама Штаттарының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлғалар эмитенттері болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін тіркеген, бұл ретте көрсетілген бағалы қағаздармен сауда-саттық тек ОК қатысқан сауда-саттық режиміндегі репо операциялары бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін;

13) Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінің жұмысында техникалық іркіліс кезінде;

14) трейдердің техникалық қатесі кезінде;

15) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

78. Биржа Басқармасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің осындай тоқтата тұру туралы өтініші негізінде және осы өтініште көрсетілген мерзімге Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының сауда-саттығын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

79. Сауда-саттықты тоқтата тұру туралы шешімді Биржаның сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін бөлімшесін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасының мүшесі қабылдайды.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 9-бабы 1-тармағының 2)–7) тармақшаларында көрсетілген облигациялар шығарылымының аңдатпасындағы мәліметтерді өзгерту мәселелері бойынша облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілген күннен бастап облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қабылдаған шешім жарияланған күннен кейінгі күнге дейінгі кезеңде осы облигациялармен сауда-саттық тоқтатыла тұрады.

Облигацияларды ұстаушылар Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 9-бабы 1-тармағының 2)–7) тармақшаларында көзделген облигацияларды шығару шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы облигациялармен сауда-саттықты тоқтата тұру мерзімі облигацияларды шығару аңдатпасына өзгерістер мемлекеттік тіркелген күннен кейінгі күнге дейін ұзартылады.

80. Сауда-саттықты қайта бастау Биржаның сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін бөлімшесін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасының мүшесі қабылдайтын сауда-саттықты қайта бастау туралы шешімнің негізінде жүзеге асырылады.

14-тарау. СЫНИ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ТУЫНДАУЫ СЕБЕБІНЕН САУДА-САТТЫҚТЫ ТОҚТАТА ТҰРУ

81. Осы тараудың мақсаттары үшін қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бағасының өзгеруі алдыңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясының барысында жасалған осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған соңғы орындалған мәміленің бағасына қатысты ағымдағы күннің сауда-саттық сессиясында жасалған осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған соңғы мәміле бағасының өзгеруі ретінде анықталады (яғни осы атаудағы бағалы қағаздармен ең болмағанда бір мәміле жасалған сауда-саттық сессиясы).

82. Биржа сауда-саттықты мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) "Премиум" санатындағы Биржаның ресми тізіміндегі және/немесе KASE индексінің өкілеттік тізіміндегі акциялардың бағасы осындай төмендеудің алдындағы сауда-саттық күнінің жабылу сәтінде қалыптасқан бағаға қатысты 30 және одан да көп пайызға төмендеген кезде;

2) осындай төмендеудің алдындағы бірінші немесе екінші сауда-саттық күні белгіленген осы индекстің соңғы мәніне қатысты акциялар нарығының индексі 15 және одан да көп пайызға төмендеген кезде Биржа Биржаның ресми тізіміндегі барлық акциямен сауда-саттықты тоқтата тұрады;

3) Биржа эмитенттен уәкілетті органға эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізуге байланысты борыштық бағалы қағаздар шығару аңдатпасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы өтініш бергені туралы хабарлама алған кезде Биржа көрсетілген борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрады.

83. Осы Ережелердің 82-тармағында белгіленген, сауда-саттық автоматты түрде тоқтатыла тұратын жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздардың бағасы 50 және одан да көп пайызға өзгерген жағдайда, бұл ретте:

мәміле 50 және одан да көп пайызға өзгеріс тіркелген мәміле бағасынан ағымдағы сауда-саттық күні ішінде мәмілелер бағасының одан әрі өзгеруіне ықпал еткен, және/немесе

мәміле көлемі бұрын жасалған 10 мәміленің жиынтық көлемінен бес есе және одан да көп асқан, және/немесе

қандай да бір сауда-саттыққа қатысушыдан ағымдағы сауда-саттық күні, бірақ сауда-саттық аяқталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей, Биржаға жасалған мәміленің инвесторға (инвесторларға) теріс әсері туралы өтініш келіп түскен жағдайда Биржа бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұруға құқылы.

84. Осы Ережелердің 82-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда акциялармен сауда-саттықты тоқтата тұру Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Осы Ережелердің 82-тармағының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұруды Биржа осы Ережелердің 82-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өтінішті беру туралы хабарламаны алған күні жүргізеді.

85. Осы Ережелердің 82-тармағының 3) тармақшасында және 83-тармағында белгіленген жағдайларда бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру осындай шешіммен белгіленген сауда-саттықтың белгілі бір режимдері үшін Биржа Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

86. Осы Ережелердің 82 және 83-тармақтарына сәйкес бағалы қағаздармен сауда-саттық тоқтатыла тұрған сәттен бастап бір сағат ішінде Биржа осындай тоқтата тұру туралы:

1) электрондық пошта арқылы уәкілетті органды;

2) Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде тиісті хабарламаны жариялау арқылы Биржаның мүшелерін хабардар етеді.

87. Егер Биржа уәкілетті органмен кеңесу өткізгеннен кейін уәкілетті органнан бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы хат алынбаса, олар бойынша сауда-саттық мынадай мерзімдерде:

1) егер сауда-саттықты тоқтата тұру осы Ережелердің 82-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 83-тармағында көзделген негіздер бойынша болса, келесі сауда-саттық күнінің басталуымен;

2) егер сауда-саттықты тоқтата тұру трейдердің қателігінің немесе Биржаның сауда-клирингілік жүйесінің жұмысындағы техникалық іркілістің салдары болып табылған кезде олар тоқтатыла тұрған сауда-саттық күні ішінде қайта басталады.

88. Осы Ережелердің 82-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттықты эмитенттің борыштық бағалы қағаздар эмиссиясының аңдатпасына өзгерістерді және/немесе толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламасын алғаннан кейін келесі сауда-саттық сессиясының басталуымен Биржа қайта бастайды.

15-тарау. УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ СЫНИ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

89. Биржа уәкілетті органды мынадай сындарлы оқиғалардың туындағаны туралы хабардар етеді:

1) ағымдағы күннің сауда-саттық сессиясында жасалған Биржаның ресми тізіміне "Премиум" санатына енгізілген қандай да бір атаудағы акциялармен соңғы мәміле бағасының соңғы өткен нәтижелі сауда-саттық сессиясы барысында жасалған осы атаудағы акциялармен соңғы орындалған мәміле бағасына қатысты 15 және одан да көп пайызға өзгеруі (яғни осы атаудың акцияларымен ең болмағанда бір мәміле жасалған сауда-саттық сессиясы);

2) ағымдағы сауда-саттық сессиясы барысында жасалған осы атаудың акцияларымен бұрын орындалған мәміленің бағасына қатысты ағымдағы күннің сауда-саттық сессиясында жасалған "Премиум" санатына Биржаның ресми тізіміне енгізілген қандай да бір атаудың акцияларымен соңғы мәміле бағасының 15 және одан да көп пайызға өзгеруі;

3) алдыңғы сауда-саттық күніндегі осы индекстің соңғы мәніне қатысты акциялар нарығы индексінің 5 және одан да көп пайызға өзгеруі;

4) ағымдағы сауда-саттық күніндегі осы индекстің бұрын қалыптасқан мәніне қатысты акциялар нарығы индексінің 5 және одан да көп пайызға өзгеруі.

90. Осы Ережелердің 89-тармағында көзделген сыни оқиғалар туралы уәкілетті органды хабардар ету осындай оқиғалар туындаған күнгі Алматы уақытымен 17.50 дейін жүзеге асырылады.

91. Осы Ережелердің 89-тармағында көзделген сыни оқиғалар туындаған кезде сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлімше мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

    1) сыни оқиғаның туындауына әкеп соқтырған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы ахуалды талдау нәтижелерін көрсете отырып хабарлама қалыптастырады;

    2) қалыптастырылған хабарламаны электрондық пошта арқылы уәкілетті органға жібереді. Электрондық почта арқылы жіберілетін хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және Биржаның әдеттегі шығыс хат-хабары ретінде тіркелуге тиіс;

    3) уәкілетті органның оның атына жолданған құжатты алуын бақылайды.

16-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАДАҒАЛАУ

92. Биржа бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және осы іс-әрекеттер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп пайымдауға негіз бар өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерін анықтаған кезде мұндай іс-әрекеттер туралы есеп уәкілетті органға жіберіледі.

93. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тануды уәкілетті орган жанынан құрылған және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттерін айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарауды жүзеге асыратын сараптама комитетінің қорытындысын қарау қорытындысы бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.

94. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де тұлғалардың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған іс-әрекеттерінің мониторингі мен талдауына арналған параметрлер, тәртібі мен шарттары, оның ішінде бағалы қағаздармен және/немесе туынды қаржы құралдарымен сауда-саттық бағасының, сұранысының, ұсынысының, санының немесе көлемінің елеулі ауытқу критерийлері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, бағалы қағаздардың және/немесе туынды қаржы құралдарының түріне, өтімділігіне және/немесе нарықтық құнына қарай Биржаның ішкі құжаттарында, оның ішінде құпия құжаттарында анықталады.

3-бөлім. САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ПРОЦЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ІРКІЛІСТЕР ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

17-тарау. ТЕХНИКАЛЫҚ ІРКІЛІСТЕР ЖӘНЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

95. Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінің жұмыс қабілеттілігі және сауда-саттықты өткізу мүмкіндігі техникалық іркілістердің туындауы, сондай-ақ осы Ережелерде көзделген еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан бұзылуы мүмкін.

96. Техникалық іркілістер мынадай түрлерге бөлінеді:

    1) нәтижесінде сауда-саттықты өткізу және/немесе сауда-саттыққа қатысушыларды Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қосу мүмкін болмайтын Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің уақытша істен шығуы және/немесе дұрыс жұмыс істемеуі түсінілетін сауда-саттықты өткізу процесінің техникалық істен шығуы;

    2) нәтижесінде сауда-саттықты өткізу және/немесе сауда-саттыққа қатысушыларды Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қосу мүмкін болмайтын сауда-саттыққа қатысушының уақытша істен шығуы және/немесе бағдарламалық-техникалық кешенінің дұрыс жұмыс істемеуі түсінілетін сауда-саттыққа қатысушының техникалық істен шығуы.

97. Сауда-саттықты өткізу процесінің техникалық іркілісіне нәтижесінде сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне қосылу мүмкіндігі жоқ сауда-саттыққа қатысушы жағындағы ақпараттық жүйелердің және/немесе компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдықтардың істен шығуы және/немесе дұрыс жұмыс істемеуі жатпайды. Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан

ақпараттық жүйелерді және/немесе компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдықты қалпына келтіру жөніндегі шараларды сауда-саттыққа қатысушы дербес қабылдайды.

98. Биржа өзінің бағдарламалық-техникалық кешенін жұмыс жағдайында ұстау үшін барлық мүмкін болатын күш-жігерді қолданады және осы Ережелерге сәйкес оның жұмысындағы іркілістер туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді.

99. Сауда-саттықты өткізу процесінің техникалық сәтсіздігі тәуекелді оқиға болып табылады және оған заңнама мен Биржаның ішкі құжаттарының тиісті нормалары қолданылады.

100. Егер сауда-саттықты өткізу процесінің техникалық іркілісінің ұзақтығы бір жұмыс күнінен астам болса, Биржа Биржа мүшелерін "қор", "валюта" немесе "деривативтер" санаттары бойынша (сауда-саттық өткізілмейтін қаржы құралының түріне қарай) Биржада сауда-саттықты өткізу процесінің техникалық іркілісі созылатын күндердің санына пропорционалды мүшелік жарнаны төлеуден босатады.

101. Осы бөлімнің мақсаттары үшін еңсерілмейтін күш жағдайлары деп Биржаның бақылауынан тыс тұрған және:

Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенін басқарудың істен шығуына, дұрыс жұмыс істемеуіне немесе қол жетімсіздігіне;

сауда-саттықты жүзеге асыру үшін қажетті қызмет көрсететін ұйымдар (соның ішінде, бірақ шектелмей: ақпарат провайдерлер, коммуникациялық инфрақұрылымды қамтамасыз ететін ұйымдар) тарапынан Биржаның қызметтерін ұсынудағы үзілістерге;

клиринг орталығы тарапынан клиринг және/немесе есеп айырысу жүргізудің мүмкін болмауына;

ақпарат алмасудағы үзілістерге, Орталық депозитарийден дұрыс ақпарат алудың мүмкін болмауына әкеп соқтыратын табиғи апат, дүлей зілзала, соғыс, әскери іс-қимыл, террорлық акті, халықтық толқу, өзге де төтенше және күтпеген жағдай түсініледі.

18-тарау. САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ІРКІЛІС ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ БИРЖАНЫҢ ІС-ҚИМЫЛЫ

102. Сауда-саттық өткізу барысында техникалық іркіліс туындаған (айқындалған) кезде Биржа бөгде ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды және сауда-саттықты өткізудің техникалық іркілісін жою және оның бағдарламалық-техникалық кешенінің штаттық жұмысын жаңарту үшін барлық ықтимал іс-қимылды қолданады.

103. Сауда-саттық өткізу барысында техникалық іркіліс туындаған кезде Биржа сауда-саттыққа қатысушыларды осындай бұзушылық және оның себептері туралы Биржаға және сауда-саттыққа қатысушыларға қолжетімді кез келген коммуникация құралымен (соның ішінде, бірақ шектелмей, Биржаның интернет-ресурсы, интернет-мессенджерлер, телефон байланысы) хабардар етеді.

104. Биржа сауда-саттықты өткізудің техникалық іркілісін реттеу жөніндегі іс-қимылдарды айқындайды, олар:

1) Биржаның ақпараттық жүйелерін және/немесе аппараттық қамтамасыз етуін қайта іске қосуды;

2) Биржаның сақтық орталығында жұмысқа ауысуды;

3) сауда-саттықты өткізу үшін сақтық ақпараттық жүйелерді жандандыруды;

4) қаржы құралдарының барлық немесе жекелеген атауы бойынша сауда-саттықты өткізу уақытын (күнін) өзгертуді;

5) Биржаның қалауы бойынша өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруды көздеуі мүмкін.

Сауда-саттықты өткізудің техникалық іркілісін реттеу жөніндегі іс-әрекеттер Биржаның және сауда-саттыққа қатысушылардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

105. Мұндай әрекеттер туралы ақпарат клиринг орталығының және/немесе Орталық депозитарийдің назарына Биржаға қолжетімді кез келген коммуникация құралымен (соның ішінде, бірақ шектелмей, Биржаның интернет-ресурсы, интернет-мессенджерлер, телефон байланысы) жеткізіледі. Техникалық ақауларды жою туралы ақпарат сол коммуникация құралдарымен мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

19-тарау. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ БИРЖАНЫҢ ІС-ҚИМЫЛЫ

106. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Биржа Басқармасы туындаған жағдайларды реттеу жөнінде:

1) Биржаның сақтық орталығында жұмысқа ауысуды;

2) сауда-саттықты жүзеге асыру үшін сақтық ақпараттық жүйелерді жандандыруды;

3) қаржы құралдарының барлық немесе жекелеген атауы бойынша сауда-саттықты жүзеге асыру мерзімін (күнін) өзгертуді;

4) Биржаның қалауы бойынша, оның ішінде қызметтің үздіксіздігін басқару жөніндегі Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруды көздеуі мүмкін әрекеттерді қабылдайды.

107. Осы Ережелердің 106-тармағына сәйкес айқындалған еңсерілмейтін күш жағдайларын реттеу жөніндегі іс-әрекеттер Биржаның және сауда-саттыққа қатысушылардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Мұндай әрекеттер туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға Биржаға қолжетімді кез келген коммуникация құралымен (соның ішінде, бірақ шектелмей, Биржаның интернет-ресурсы, интернет-мессенджерлер, телефон байланысы) жеткізіледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларын жою туралы ақпарат сол коммуникация құралдарымен мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

20-тарау. ТЕХНИКАЛЫҚ ІСТЕН ШЫҒУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ КЕЗІНДЕ САУДА-САТТЫҚТЫ ҚАЙТА БАСТАУ

108. Техникалық іркіліс және/немесе еңсерілмейтін күш жағдайлары кезеңінде Биржа органдары қандай да бір шешім қабылдамай-ақ Биржаның бағдарламалық-техникалық кешеніндегі баптау жолымен техникалық іркілісті немесе еңсерілмейтін күш жағдайларын реттеу уақытына сәйкес сауда-саттықты өткізу регламентін өзгертуге құқылы.

109. Егер техникалық іркіліс сауда-саттық күні аяқталғанға дейін жойылмаған болса, Биржа сауда-саттықты қайта бастамайды, сауда-саттық күні техникалық іркіліс басталған сәттен бастап жабық болып есептеледі.

Келесі сауда-саттық күнінің басында техникалық іркіліс жойылған жағдайда сауда-саттық әдеттегі режимде ашылады.

110. Техникалық іркіліс және/немесе еңсерілмейтін күш жағдайлары себебінен сауда-саттықты қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда Биржа дауыстық процедуралармен ұйымдастырылатын сауда-саттыққа көшуге құқылы. Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде дауыстық сауда-саттыққа көшу және сауда-саттықты жүзеге асыруға қайтару туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды.

21-тарау. САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ІСТЕН ШЫҒУ КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ

111. Сауда-саттыққа қатысушы жағындағы техникалық іркіліс кезінде қалпына келтіру жөніндегі шараларды сауда-саттыққа қатысушы дербес қабылдайды, бұл ретте сауда-саттыққа қатысушы Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне осы сауда-саттыққа қатысушының атынан баға белгілеуді (өтінімдерді) енгізу және/немесе Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінен маклердің өтінімдерді алып тастауы арқылы сауда-саттыққа осы қатысушы Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне осындай іркіліс басталғанға дейін берген баға белгілеуден (өтінімдерден) туындайтын қаржы құралдарымен мәміле жасасу жөніндегі міндеттемелерден босату туралы өтінішпен маклерге жүгінуге құқылы.

112. Маклердің сауда-клирингілік жүйеге сауда-саттыққа қатысушының атынан баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізуі және/немесе өтінімдерді алып тастауы үшін сауда-саттыққа қатысушы тиісті

баға белгілеулердің (өтінімдердің) деректемелерін брокерге хабарлауы және байланыстың кез келген ықтимал түрімен осы сауда-саттыққа қатысушының шығыс құжаттамасы журналында тіркелуі тиіс тиісті өтінімдердің деректемелерімен бірге жазбаша хабарлама жіберуі қажет.

113. Сауда-саттыққа қатысушыдан хабарлама алған жағдайда, маклер сауда-клирингілік жүйеде сауда-саттыққа осы қатысушының атынан мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, баға белгілеуді (өтінімдерді) енгізуді/жоюды жүзеге асырады:

    1) Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде баға белгілеуді (өтінімдерді) енгізуге/жоюға Биржаның маклерінде техникалық мүмкіндік болған жағдайда;

    2) егер мұндай белгілеу (өтінімдер) бойынша мәмілелер жасалса, маклер Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінен қолданыстағы белгілеуді (өтінімдерді) алып тастаудан бас тартқан.

4-бөлім. БИРЖАНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

22-тарау. БИРЖАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

114. Биржа өз міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Биржаның ішкі құжаттарында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жауапты болады.

115. Биржа Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық іркіліс, еңсерілмейтін күш жағдайлары туындауы салдарынан, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушы жағындағы техникалық іркіліс кезінде Биржаның сауда-саттыққа қатысушы мүшесіне келтірілген жіберіп алған пайданы қоса алғанда, залалдар үшін жауапты болмайды.

116. Биржалық мәмілелерді жасасуға қатысты техникалық іркілістерге байланысты туындайтын даулар Биржаның "Қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібі" атты ішкі құжатына сәйкес қаралуға тиіс.

23-тарау. БИРЖА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

117. Сауда-саттыққа қатысушылар Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің және Биржаның барлық ішкі құжатының талаптарын сақтауға міндетті. Оларды бұзған жағдайда Биржа айыппұл санкцияларын, сауда-саттыққа жіберуді тоқтата тұруды және/немесе Биржа мүшелерінің қатарынан шығаруды қоса алғанда, ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

118. Сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның өткізетін сауда-саттықтарында өздері жасаған барлық мәміле бойынша кімнің тапсырмасы бойынша, кімнің есебінен және кімнің мүддесі үшін мұндай мәмілелер жасалғанына қарамастан, сондай-ақ Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне берілетін өтінімдердің, тапсырмалардың және өзге де ақпараттың растығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.

119. Сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның бағдарламалық-техникалық кешеніне оларға берілген қолжетімділік арқылы жасалған барлық іс-әрекет үшін, соның ішінде:

    1) сауда-саттыққа қатысушы бұл іс-әрекеттерге санкция бергеніне қарамастан, осындай қол жеткізуді пайдаланатын өз жұмыскерлері, клиенттері және үшінші тұлғалар жасаған;

    2) логиндерді, құпиясөздерді немесе өзге де аутентификация құралдарын рұқсатсыз пайдалану нәтижесінде жасалған әрекеттер үшін жауапты болады.

120. Сауда-саттыққа қатысушылар өздерінің қосылу арналары мен техникалық интерфейстерін рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды, сондай-ақ Биржаны анықталған қауіпсіздік инциденттері туралы дереу хабардар ете отырып, пайдаланушылардың киберқауіпсіздігі, аутентификациясы және іс-қимылдарын есепке алу жөніндегі Биржа талаптарын орындауды қамтамасыз етуге міндетті.

121. Сауда-саттыққа қатысушылар олардың шоттарында ақша қаражатының немесе бағалы қағаздардың жеткіліксіздігі жағдайларын қоса алғанда, ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде

жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің уақытылы және толық орындалуы үшін жауапты болады. ОК қатысқан мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайларын реттеу клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген дефолттарды реттеу процедураларына сәйкес жүзеге асырылады.

122. Сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның, Орталық депозитарийдің және/немесе Клиринг орталығының жүйелеріне берілетін клиенттер туралы деректердің дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі үшін жауапты болады.

24-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЭМИТЕНТІНІҢ ЕРЕКШЕ МІНДЕТТЕРІ

123. Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің эмитенті Биржаның мүшесі емес, алайда мемлекеттік қазынашылық міндеттемелермен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қандай да бір түрде қатысты Биржаның барлық ішкі құжатының нормаларын сақтауға міндетті, бұған осындай нормалар мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы орналастыруға байланысты мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің эмитенті мен Биржа арасында жасалған шарттың нормаларына сәйкес келмейтін жағдайлар кірмейді; мұндай жағдайларда аталған шарттың нормалары Биржаның ішкі құжаттарының нормаларынан басым болады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен енгізілген)*.

124. Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде эмитент мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға бастапқы дилерлердің тең құқықтылығы қағидатын (эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тыйым салулар мен шектеулерді қолдану жағдайларын қоспағанда), атап айтқанда осы Ережелердің нормаларын, осы Ережелердің 123-тармағында көрсетілген шартты және Биржаның басқа да ішкі құжаттарын сақтаған кезде орындауға міндетті, сондай-ақ өзге де тең жағдайларда бірде-бір бастапқы дилердің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде оларды сатып алу құқығын эмитент басқа бастапқы дилерлердің пайдасына шектеуге не оларға қысым жасауға болмайды.

25-тарау. МАРКЕТ-МЕЙКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАМАҒАНЫ НЕМЕСЕ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖҮКТЕЛЕТІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

125. Маркет-мейкерлер Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын, сондай-ақ маркет-мейкерлер бағдарламаларының және Биржамен жасалатын жеке шарттардың талаптары мен шарттарын сақтауға міндетті.

126. Маркет-мейкер Маркет-мейкерлер ережелерінде немесе маркет-мейкермен жеке шарт талаптарында белгіленген міндеттерді орындамаған немесе бұзған жағдайда, Биржа осы Биржаның ішкі құжатында немесе маркет-мейкермен жеке шартта көзделген тәртіппен және шарттарда ықпал ету шараларын қолданады.

26-тарау. САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚОР НАРЫҒЫНДА ОК ҚАТЫСПАҒАН ОРЫНДАЛМАҒАН МІНДЕТТЕМЕ МЕН ҚАЙТА ЕСЕП АЙЫРЫСУ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

127. Сатып алушы немесе сатушы қор нарығында ОК қатыспаған сатып алу-сату мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мұндай мәміле бұзылды деп танылады.

128. Мұндай мәміленің зардап шеккен тарапы осы мәміле бұзылды деп танылған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде Биржаға мәміленің кінәлі тарапына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы оның талаптарының бар екендігі туралы хабарлама жіберуге құқылы.

Белгіленген мерзімде мұндай хабарламаның болмауын Биржа мәміленің зардап шеккен тарапының тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы талаптарының болмауы ретінде бағалайды.

129. Мәміленің зардап шеккен тарапының кінәлі тарапқа тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу туралы талаптары болған кезде кінәлі тарапқа мәміле бойынша зардап шеккен тарапқа:

    1) сауда-саттықты жария ұсыныс және жазылу әдістерімен өткізу кезінде жасалған орындалмаған мәміле сомасының 0,1 %;

    2) мамандандырылған сауда-саттық әдісімен сауда-саттық өткізу кезінде жасалған орындалмаған мәміле сомасының 5,0 % (қазынашылық міндеттемелерді мамандандырылған сауда-саттық әдісімен орналастыруды қоспағанда);

    3) мамандандырылған сауда-саттық әдісімен қазынашылық міндеттемелерді орналастыруды жүргізу кезінде жасалған орындалмаған мәміле сомасының 2,0 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеу міндеттемесі жүктеледі.

130. Егер сауда-саттықтың зардап шеккен қатысушысы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бойынша есеп айырысуды қайта жүзеге асырудан бас тартқан немесе Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне мәміле бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асыруға келісім беру туралы хабарлама жібермеген жағдайда, сауда-саттықтың зардап шеккен қатысушысының кінәлі тараптан айыппұл төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

131. Орындалмаған бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырған жағдайда Биржа кінәлі сауда-саттыққа қатысушыға мынадай санкцияларды қолданады:

    1) егер сауда-саттыққа қатысушы мәмілелер бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың екі жағдайына дейін күнтізбелік 30 күн ішінде жол берсе – ескерту;

    2) егер сауда-саттыққа қатысушы 30 күнтізбелік күн ішінде мәмілелер бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың екі жағдайынан артық жол берсе – айлық есептік көрсеткіштің 50 есе мөлшерінде айыппұл.

132. Сатушы немесе сатып алушы жазылуды жүргізу кезінде жасалған және ол бойынша есеп айырысу Орталық депозитарийден басқа ұйым арқылы жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда тараптардың зиянды өтеу жөніндегі бір-біріне қоятын талаптары Биржаның қатысуынсыз қанағаттандырылады.

133. ОК қатыспаған репо операциясына қатысушылардың қайсыбірі репо ашу мәмілесі бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда:

    1) бұл репо ашу мәмілесі орындалмаған деп танылады;

    2) осы операцияға жататын жабу мәмілесі автоматты түрде жойылады және сауда-клирингілік жүйесінен шығарылады;

    3) кінәлі қатысушы осы операцияның басқа қатысушысының пайдасына орындалмаған репо ашу мәмілесінің нақты сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті (зардап шеккен қатысушыда осы тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап болған кезде);

    4) кінәлі қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның ішінде оның басқа қатысушысы үшін) төлеуге міндетті.

134. Репоны жабу күні "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді ОК қатыспаған репо операциясына қатысушылардың қандай да бірі орындамаған жағдайда:

    1) жабу мәмілесі орындалмаған деп танылады;

    2) кінәлі қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның ішінде зардап шеккен қатысушы үшін де) төлеуге міндетті.

    Бұл ретте зардап шеккен қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кінәлі қатысушыдан аталған тұрақсыздық айыбынан тыс толық сомада залалды өндіріп алуды талап ету құқығын алады.

135. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылған репоны жабу мәмілесі бойынша міндеттемелер ОК қатыспаған репо операциясына қатысушылардың қандай да бірі жабу күні орындамаған жағдайда:

    1) бұл репо жабу мәмілесі орындалмаған деп танылады;

    2) репо операциясының мәнінен бұғаттау алып тасталады және ол репо сатып алушы тарапынан азаматтық-құқықтық мәмілелердің объектісі болуы мүмкін;

3) кінәлі қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның ішінде оның басқа қатысушысы үшін де) төлеуге міндетті;

4) осы операцияның басқа қатысушысының оған қандай да бір залал мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

136. ОК қатыспаған репоны ашу/жабу мәмілесі бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда кінәлі тараптың ол бойынша өз қалауы бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асыруға құқығы бар.

Орындалмаған ОК қатыспаған репо ашу/жабу мәмілесі бойынша қайта есеп айырысу Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне жіберілген кінәлі тараптың шешімі бойынша:

1) осындай орындамау сәтінен бастап бір сағат ішінде, бірақ ОК қатыспаған репо операциялары бойынша сауда-саттықты өткізу уақыты шегінде және зардап шеккен тараптың келісімін алмай, олар аяқталғанға дейін 10 минуттан кешіктірмей;

2) Биржаның сауда-клирингілік жүйесі бойынша зардап шеккен тараптан оның осындай қайта есеп айырысу жүргізуге келісімі туралы хабарлама алған жағдайда, Биржаның операциялық күні шегінде жүзеге асырылады.

137. ОК қатыспаған репо операциясының зардап шеккен қатысушысы репо операциясын қайта жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда:

1) осы операцияға жататын ашу мәмілесі орындалмаған деп танылады;

2) осы операцияға жататын жабу мәмілесі автоматты түрде жойылады және Биржаның сауда-клирингілік жүйесінен шығарылады;

3) зардап шеккен қатысушының өзіне қандай да бір залал мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқығы жоқ;

4) кінәлі қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның ішінде репо сатып алушы үшін) төлеуге міндетті.

138. Егер репо операциясының қатысушысы күнтізбелік 30 күн ішінде ашу мәмілелері бойынша қайталама репо операцияларын жүзеге асырудың екі жағдайынан артық жол берсе, ОК қатыспаған репо операциясын қайталап жүзеге асырған жағдайда, кінәлі сауда-саттыққа қатысушыға айлық есептік көрсеткіштің 10 есе мөлшерінде айыппұл қолданылады.

139. Репоны ашу/жабу мәмілесі бойынша қайта есеп айырысу ОК қатыспай жүргізілген жағдайда Биржаның кінәлі қатысушысына мынадай санкциялар қолданылады:

1) егер сауда-саттыққа қатысушы бір сауда-саттық күні ішінде репоны ашу/жабу мәмілесі бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың бір жағдайына жол берсе – ескерту;

2) егер сауда-саттыққа қатысушы бір сауда-саттық күні ішінде ОК қатыспаған репоны ашу/жабу мәмілесі бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың екі және одан да көп жағдайына жол берсе – айлық есептік көрсеткіштің 10 есе мөлшерінде айыппұл.

140. Егер есеп айырысу күні репо операциясының зардап шеккен қатысушысы ОК қатыспаған репо операциясы бойынша есеп айырысуды қайта жүзеге асырудан бас тартқан немесе сауда-клирингілік жүйесіне репо операциясы бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асыруға келісім беру туралы хабарлама жібермеген болса, оның кінәлі тараптан қандай да бір айыппұл төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

141. Егер сауда-саттыққа жауапты қатысушы қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы оны растаудан бас тартқан кезде өз қаражаты есебінен репо ашудың қайталама мәмілесін жүзеге асыруға келісімі туралы Биржаға хат жібермеген болса, мұндай мәміле орындалмаған деп танылады және оған осы тараудың 133-тармағында белгіленген қағидалар қолданылады.

142. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы оны растаудан бас тартқан кезде Биржа зардап шеккен тараптың репо операциясын қайта мәмілені жүргізуден бас тартуын алған жағдайда, мұндай мәміле орындалмаған деп танылады және оған осы тараудың 137-тармағында белгіленген қағидалар қолданылады.

27-тарау. ОК ҚАТЫСПАҒАН ҚОР НАРЫҒЫНДАҒЫ МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША ТҰРАҚСЫЗДЫҚ (АЙЫППҰЛ) ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

143. Биржа хабарламаны алған күннен кейінгі екінші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мәміленің кінәлі тарапына тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

144. Мәміленің кінәлі тарапы тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) сомасын хабарламаны алған күннен кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Биржаның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шотына аударады.

145. Биржа тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған Биржаның корреспонденттік шотына түскен күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде осы тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) сомасын мәміленің зардап шеккен тарапына аударады.

146. Сатып алушы немесе сатушы қор нарығында ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сауда-саттыққа кінәлі қатысушы Биржаның "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алғаны үшін алынатын комиссия туралы қағида" атты ішкі құжатында белгіленген тарифтерге сәйкес орындалмаған мәміле бойынша және Биржаның комиссиялық алымдарын төлеу бойынша берілетін қандай да бір жеңілдіктерді ескермей, Биржаға комиссиялық алымдардың толық сомасын (оның ішінде оның басқа қатысушысы үшін) төлеуге міндетті.

5-бөлім. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

147. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

148. Осы Ережелерге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды уақытылы енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесіне жүктеледі.

149. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай өзектендірілуі тиіс.

Осы Ережелер осы Ережелердің қолданысқа енгізілген күнінен бастап, ал олар өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіру қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрағасы А.Н. Мухамеджанов

Сауда-саттық өткізу
ережелерінің

қосымшасы

БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӘДІСТЕРІНІҢ СИПАТЫ

1-тарау. ҮЗДІКСІЗ ҚАРСЫ АУКЦИОН ӘДІСІ

1. Үздіксіз қарсы аукцион әдісі ашық тұрақты сауда-саттық әдісіне жатады және оған сәйкес қандай да бір сауда-саттыққа қатысушының қолданылып жүрген өтінімі осы сауда-саттыққа қатысушы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын осы қаржы құралы бойынша сауда-саттыққа басқа қатысушылардың қолданылып жүрген қарсы өтінімдері есебінен шүбәсіз және сөзсіз қанағаттандырылатын мәтчинг қағидатына негізделген.

   Биржа үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сауда-саттықты Биржаның сауда-клирингілік жүйелері арқылы жүргізеді.

2. Үздіксіз қарсы аукцион әдісін пайдалану сауда-саттыққа қатысушылардың қаржы құралын сатуға да, сатып алуға да тең құқылы өтінім беруін және осы өтінімдерді олардың бағалары мен Биржаның оларды қабылдау уақыты бойынша саралауды көздейді.

3. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сауда-саттық өткізу кезінде Биржаның сауда-клирингілік жүйелері қанағаттандырылмаған лимиттелген өтінімдердің (сатып алуға және сатуға) екі кезегін мынадай тәртіппен құрады:

   1) қолданыстағы сатып алу өтінімдері қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдерінің кезегіне жинақталады, онда өтінімдер олардың бағаларының кему тәртібімен сараланады (яғни ең жоғары бағасы бар өтінім қанағаттандырылмаған сатып алу өтінімдерінің кезегінің біріншісі болып табылады);

   2) сатуға арналған қолданыстағы өтінімдер қанағаттандырылмаған сатуға арналған өтінімдер кезегіне жинақталады, онда өтінімдер олардың бағаларының өсуі тәртібімен сараланады (яғни ең төмен бағасы бар өтінім сатуға арналған қанағаттандырылмаған өтінімдер кезегінің біріншісі болып табылады);

   3) қанағаттандырылмаған өтінімдердің бір кезегіндегі өтінімдердің бағалары тең болған кезде Биржа оны қабылдау уақытына сәйкес бұрын берілген өтінімге басымдық беріледі.

4. Лимиттелген өтінімді қанағаттандыру қанағаттандырылмаған лимиттелген өтінімдердің басқа кезегінен қарсы өтінімдер есебінен мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

   1) осы өтінім осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушы үшін бағасы тиімді болып табылатын қарсы өтінімдер есебінен қанағаттандырылады;

   2) осы өтінімді қанағаттандыру қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегінен бірінші қарсы өтінімнен басталады және осы өтінімді толық қанағаттандырғанға дейін немесе бағалары осы өтінімді берген сауда-саттыққа қатысушы үшін тиімді болып табылатын қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегінен қарсы өтінімдер таусылғанға дейін жалғасады (көрсетілген оқиғалардың қайсысы бұрын болатынына байланысты);

   3) осы өтінім қарсы өтінім есебінен ішінара қанағаттандырылған кезде мәміле осы өтінімдердің ең азы мөлшерінде жасалған болып есептеледі;

   4) осы өтінімді бірнеше қарсы өтінімдер есебінен қанағаттандырған кезде әртүрлі бағалар бойынша бірнеше мәміле жасалады, ал мұндай мәмілелердің жиынтық мөлшері осы өтінімнің мөлшеріне тең немесе одан аз болуы мүмкін;

   5) осы өтінім толық қанағаттандырылған кезде ол қанағаттандырылмаған өтінімдердің тиісті кезегінен шығарылады;

   6) осы өтінім толық немесе ішінара қанағаттандырылмаған жағдайда ол қанағаттандырылмаған өтінімдердің тиісті кезегінде сақталады.

5. Айсберг-өтінімдерді қанағаттандыру қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санын есептеудің мынадай ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады:

   1) өтінім берген кезде қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санының мәні өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін санымен сәйкес келеді;

   2) егер жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген сан қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санынан аз болса, онда:

      мәміле жасасу жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының саны негізге алына отырып жүзеге асырылады;

      қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санының жаңа мәні қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санын және жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының санын есептеу кезінде қолданыста болған айырма ретінде есептеледі;

   3) егер жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген сан қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санына тең болса, онда:

      мәміле жасасу жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының саны негізге алына отырып жүзеге асырылады;

      қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санының жаңа мәні өтінім беру кезінде көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін санына тең болып белгіленеді;

   4) егер жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген сан қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санынан көп болса, онда:

      мәміле жасасу жол берілетін қарсы өтінімде көрсетілген қаржы құралдарының санын және айсберг-өтінімдегі қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санын негізге ала отырып, бірнеше кезеңде жүзеге асырылады. Айсберг-өтінімдегі қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санын қанағаттандырғаннан кейін қарсы өтінім (оның көлемі жеткілікті болған кезде) осы айсберг-өтінімге қайта жеткенге дейін осы баға бойынша кезектегі барлық өзге де белсенді өтінімді (олар болған жағдайда) дәйекті түрде қанағаттандырады. Одан әрі қанағаттандыру циклі қарсы өтінімнің көлемі аяқталғанша немесе айсберг-өтінім толық қанағаттандырылғанша қайталанады. Айсберг-өтінім және қарсы жол берілетін өтінім негізінде жасалған мәміледегі қаржы құралдарының саны әрбір айсберг-өтінім үшін тиісті айсберг-өтінімді қанағаттандырудың барлық кезеңін ескере отырып жиынтықпен айқындалған қаржы құралдарының санын құрайды;

      әрбір жаңа кезеңдегі қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін саны толық қанағаттандырылған кезде айсберг-өтінімдегі қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін санының жаңа мәні айсберг-өтінімді беру кезінде көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін санына тең белгіленеді (егер айсберг-өтінім бойынша қалдық осы өтінімді беру кезінде көрсетілген қаржы құралдарының көрінетін санынан аз болса, қаржы құралдарының ағымдағы көрінетін саны айсберг-өтінім бойынша қалдық мөлшерінде белгіленеді).

6. Сауда-саттықты үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізу кезінде Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінің баптауларымен нарықтық өтінімдерді беру мүмкіндігі белгіленуі мүмкін; бұл ретте:

   1) өтінімді орындау түрі бойынша "кезекке қою" және "толық немесе бас тарту" белгілерін қоспағанда, нарықтық өтінімді беру кезінде қандай да бір қосымша белгілерді көрсетуге жол берілмейді;

   2) нарықтық өтінімнің шарттары оны қарсы өтінімдердің кез келген бағасы бойынша немесе қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегіндегі бірінші қарсы өтінімнің бағасы бойынша ғана қанағаттандыруды көздеуі мүмкін;

   3) талаптары қарсы өтінімдердің кез келген бағасы бойынша оны қанағаттандыруды көздейтін нарықтық өтінімді қанағаттандыру қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегінен бірінші қарсы өтінімнен басталады және осы өтінімді толық қанағаттандырғанға дейін немесе қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегінен қарсы өтінімдер таусылғанға дейін (көрсетілген оқиғалардың қайсысы бұрын болатынына қарай) жалғасады; соңғы жағдайда Биржа осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшерінде осы өтінімнің күшін жояды;

   4) талаптары қанағаттандырылмаған өтінімдердің басқа кезегіндегі бірінші қарсы өтінімнің бағасы бойынша ғана қанағаттандыруды көздейтін нарықтық өтінімді қанағаттандыру осындай қарсы өтінімнің бағасы бойынша және осы өтінімдердің ең аз мөлшерінде ғана

жүзеге асырылады; осы өтінім толық қанағаттандырылмаған жағдайда, оның шарттарына қарай Биржа осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшерінде оның күшін жояды немесе бағасы осы өтінімді қанағаттандыру бағасына тең, ал мөлшері осы өтінімнің қанағаттандырылмаған мөлшеріне тең лимиттелген өтінім болып қайта құрылады.

2-тарау. ТІКЕЛЕЙ МӘМІЛЕ ЖАСАСУ ӘДІСІ

7. Тікелей мәмілелерді жасасу әдісі жабық тұрақты сауда-саттық әдісіне жатады, осы әдісті пайдалану әрбір жеке мәміле сауда-саттыққа екі қатысушы арасында келіссөздер жүргізу және олардың арасында осы мәмілені жасасу туралы келісімге қол жеткізу нәтижесінде жасалады деп болжайды.

   Биржа тікелей мәміле жасасу әдісімен сауда-саттықты Биржаның сауда-клирингілік жүйелері арқылы жүргізеді.

8. Сауда-саттыққа қатысушы тікелей мәмілелер жасасу әдісімен сауда-саттықты өткізген кезде өзінің тікелей өтініміне қарсы өтінімді алған кезде сауда-саттық аяқталғанға дейін не тікелей өтінімде көрсетілген талаптарда контрагентпен мәміле жасасуға не контрагентке жаңа талаптармен тікелей өтінім жіберуге не алынған өтінімнен бас тартуға құқылы.

9. Сауда-саттықты тікелей мәміле жасасу әдісімен жүргізу кезінде мәміле:

   1) сауда-саттыққа қандай да бір қатысушының кейіннен осы баға белгілеуге жауап берген (оның негізінде мәміле жасасуға ниет білдірген) сауда-саттыққа басқа қатысушылармен келіссөздер жүргізуімен баға белгілеуді беру (жариялау) жолымен;

   2) сауда-саттыққа қатысушылардың алдын ала келіссөздері негізінде (олар болжамды мәміленің екінші тарапын көрсете отырып, қарсы тікелей өтінімдер бере отырып) тікелей жасалуы мүмкін.

10. Сауда-саттыққа қатысушының баға белгілеуді беруі (жариялауы) оған осы баға белгілеу негізінде мәміле жасау міндеттемесін жүктемейді.

11. Сауда-саттыққа қандай да бір қатысушының өтінімі, егер олардың екіншісі оның өтінімі негізінде жасалатын мәміленің тарапы осы сауда-саттыққа қатысушылардың біріншісі болуын қаламаса, сауда-саттыққа басқа қатысушының қолданылып жүрген қарсы тікелей өтінімі есебінен қанағаттандырылмайды.

12. Сауда-саттықты тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізу кезінде сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы келіссөздер оларға қолжетімді кез келген тәсілмен (телефон арқылы, сауда-клирингілік жүйе арқылы немесе кез келген өзге тәсілмен) жүргізілуі мүмкін.

3-тарау. ДИСКРЕТТІК АУКЦИОН ӘДІСІ

13. Дискреттік аукцион әдісі ашық дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, кесім бағасын іздеуге негізделген және қандай да бір қаржы құралы бойынша жасалған мәмілелердің максималды көлемін қамтамасыз етеді.

    Биржа дискреттік аукцион әдісімен сауда-саттықты Биржаның сауда-клирингілік жүйелері арқылы жүргізеді.

14. Сауда-клирингілік жүйе дискреттік аукцион өткізген кезде өтінім қабылдау кезеңі анықталады, сол уақытта сауда-саттыққа қатысушылар өздері дербес анықтаған қаржы құралының бағалары бойынша өтінімдер береді.

15. Өтінімдерді қабылдау кезеңі кезінде Биржаның сауда-клирингілік жүйелері баға белгілеуді сақтай отырып, лимиттелген өтінімдерді қабылдайды.

16. Берілген өтінімдердің негізінде Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін кесу жүргізу басталған сәттен бастап кесім бағасы мынадай тәртіппен анықталады:

    – берілген өтінімдер негізінде бағаның әрбір мәні үшін бағаның кему тәртібімен өсу қорытындысымен жиынтық сұраныс (сатып алуға қойылған бағалы қағаздардың саны) есептеледі және бағаның әрбір мәні үшін бағаның өсу тәртібімен өсу қорытындысымен жиынтық ұсыныс (сатуға қойылған қаржы құралдарының саны) есептеледі;

    – бағаның әрбір мәні үшін мәмілелердің мәні болуы мүмкін бағалы қағаздардың саны (барлық мәміле осы баға бойынша жасалатынын негізге ала отырып) екі мәннің ең азы ретінде – бағаның осы мәні үшін жиынтық сұраныстың шамасы мен жиынтық ұсыныстың шамасы анықталады;

    – берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар көптігінен мәмілелердің барынша ықтимал көлемін жасауды қамтамасыз ететін кесім бағасы анықталады.

17. Егер мәмілелердің ең жоғары ықтимал көлеміне бағаның бірнеше мәні кезінде қол жеткізілсе, онда кесім бағасы осы мәндердің максималды және минималды арифметикалық орташа ретінде анықталады. Кесім бағасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда мұндай баға ретінде бағаның неғұрлым жоғарысы таңдап алынады.

    Егер дискреттік аукцион барысында берілген барлық лимиттелген өтінімнің ішіндегі ең жоғары сатып алу бағасы ең төмен сату бағасымен қиылыспаса, дискреттік аукцион бағасы анықталмайды.

18. Мынадай жағдайларда:

    – сатуға және/немесе сатып алуға өтінімдер болмаған кезде;

    – егер қаржы құралының сатуға арналған өтінімдерде көрсетілген минималды бағасы сатып алуға арналған өтінімдерде көрсетілген қаржы құралының максималды бағасынан асып кетсе, дискреттік аукционды итерациялауды Биржа өткізілмеді деп таниды және жариялайды, ал Биржа қабылдаған барлық өтінім жойылады.

19. Дискреттік аукцион барысында берілген өтінім негізінде мәміле жасасу дискреттік аукцион бағасы бойынша жүзеге асырылады.

20. Егер дискреттік аукцион барысында берілген баға белгіленімінде сақтала отырып лимиттелген өтінім қанағаттандырылмаса немесе толық қанағаттандырылмаса, онда ол (орындалмаған бөлігі мөлшерінде) сауда-саттықты үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жалғастыру кезінде өтінімде көрсетілген бағамен (егер Биржаның шешімімен өзгеше анықталмаса) өтінімдер кезегінде сақталады.

21. Үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін қаржы құралдарымен сауда-саттық Сауда-саттық регламентінде белгіленген жағдайларда сауда-саттық күні ішінде дискреттік аукцион әдісімен жүргізілуі мүмкін.

22. Сауда-саттықты дискреттік аукцион әдісімен өткізу кезінде:

    1) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі Биржаның өтінімдерді қабылдайтын кезеңі болып табылады;

    2) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінің ұзақтығы Сауда-саттық регламентімен анықталады;

    3) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінде сауда-саттыққа әрбір қатысушының сауда-саттыққа басқа қатысушылар берген өтінімдердің бағасы мен мөлшері туралы мәліметтерге қол жеткізуге рұқсаты болады;

    4) Биржаның өтінімдерді дискреттік аукцион әдісімен қабылдау кезеңі ішінде сауда-саттықты үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізу кезінде берілген өтінімдердің күші жойылуы мүмкін, сол сияқты олардың талаптары да өзгеруі мүмкін;

    5) Биржаның өтінім қабылдау кезеңінде берілген өтінімдер жойылуы мүмкін, сол сияқты олардың шарттары өзгертілуі мүмкін;

    6) Биржаның өтінім қабылдау кезеңі Сауда-саттық регламентінде айқындалған уақыт аралығы өткеннен кейін аяқталады;

    7) сауда-саттық бір итерациямен өткізіледі;

    8) кесім бағасы анықталады.

23. Биржаның өтінім қабылдау кезеңі аяқталған сәтте Биржа қабылдаған қанағаттандырылмаған өтінімдер Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде қолданыстағы ретінде сақталады.

24. Дискреттік аукцион әдісімен ашу және жабу аукциондары өткізіледі. Ашу және/немесе жабу аукциондары өткізілетін қаржы құралдарының түрлері, сондай-ақ ашу және жабу аукциондарының басталу және аяқталу уақыты Сауда-саттық регламентіне сәйкес белгіленеді.

25. Сауда-клирингілік жүйені ашу және жабу аукциондарын өткізу барысында, айсберг-өтінімдерді қоспағанда, лимиттелген өтінімдер және нарықтық өтінімдер беріледі.

26. Ашу және/немесе жабу аукциондары үздіксіз қарсы аукцион әдісімен саудаланатын қаржы құралдары бойынша ғана өткізілуі мүмкін.

27. Ашу аукционының лимиттелген өтінімдерінде "Әртүрлі бағамен", "Қалдықты алу" және "Кезекке қою" деген қосымша белгілерін ғана көрсетуге жол беріледі.

28. Жабу аукционының лимиттелген өтінімдерінде "Әртүрлі бағамен" және "Кезекке қою" деген қосымша белгілерін ғана көрсетуге жол беріледі.

29. Сауда-клирингілік жүйесінде ашу және жабу аукциондарының кездейсоқ белгіленген сәтіне берілген өтінімдер негізінде осы мәмілелердің мәні болып табылатын қаржы құралдарының ең көп санымен мәміле жасасуды қамтамасыз ететін осындай аукционның бағасы анықталады.

    Ашу және/немесе жабу аукционы кезеңінің аяқталу уақыты Биржаның сауда-клирингілік жүйелерімен автоматты түрде кездейсоқ сандарды жинақтап өңдеу әдісімен айқындалған, өтінім қабылдау кезеңі аяқталған сәттен бастап 30 секундтан аспайтын кездейсоқ уақытта анықталады.

30. Ашу және жабу аукциондарының бағасы дискреттік аукцион бағасына ұқсас анықталады, бұл ретте:

    1) егер лоттардың максималды ықтимал санымен мәміле жасасу бағаның бірнеше мәнін қанағаттандыратын болса, онда теңгерімсіздіктің мәні (жалпы біріктірілген сұраныс пен жалпы біріктірілген ұсыныс арасындағы айырмашылық) минималды болатын баға таңдап алынады (модуль бойынша);

    2) егер көрсетілген шарттар бағаның бірнеше мәнін қанағаттандырса, онда артық ұсыныс жағдайында (сатуға арналған өтінімдердегі лоттардың көп саны) бағалардың ең азы таңдап алынады не артық сұраныс жағдайында (сатып алуға арналған өтінімдердегі лоттардың көп саны) бағалардың ең көбі таңдап алынады;

    3) егер көрсетілген шарттар бағаның бірнеше мәнін қанағаттандырған болса, онда баға:

        аукцион өткізілген кезде – алдыңғы күнді жабудың, не

        жабу аукционы өткізілген кезде – ағымдағы сауда-саттық күнінің соңғы мәмілесінің бағасына жақын ретінде таңдалады;

    4) егер бағалар:

        аукцион өткізілген кезде – алдыңғы күнді жабудың, не алдыңғы күннің жабылу бағасы анықталмаған бағалы қағаз бойынша, не

        жабу аукционын өткізу кезінде – соңғы мәміленің бағасынан бірдей ауытқитын болса, аукцион бағасы ретінде осы бағалардың үлкен бөлігі таңдап алынады.

31. Егер ашу аукционының бағасын анықтау сәтінде берілген барлық өтінімнің ішінде сатып алудың ең жоғары бағасы сатудың ең төмен бағасымен қиылыспаса немесе сатып алуға немесе сатуға лимиттелген өтінімдер сауда-клирингілік жүйеде болмаса не ашу аукционының есептелген бағасы Биржа белгілеген ашу аукционының шекті мәнінен асып кетсе, ашу аукционының бағасы анықталмайды.

    Егер ашу аукционының бағасын анықтау сәтінде ашудың есептелген бағасы Биржа белгілеген ашу аукционы бағасының шекті мәнінен асып кетсе, аукцион барысында берілген барлық өтінімді Биржа алып тастайды.

32. Ашу аукционын өткізу барысында өтінім бойынша мәміле жасасу мұндай өтінімнің баға шарттары ашу аукционының бағасымен қиылысқан кезде жүзеге асырылады.

    Ашу аукционы барысында мәміле жасау ашу аукционының бағасын анықтау сәтінде жүргізіледі. Егер ашу аукционына берілген баға белгілеуді сақтай отырып лимиттелген өтінім толық мөлшерде

қанағаттандырылмаса, онда ол (орындалмаған бөлігі мөлшерінде) сауда-клирингілік жүйеде қолданылып жүрген ретінде сақталады.

33. Ашу аукционы барысында сұраныс пен ұсыныс тең болмаған жағдайда бірінші кезекте нарықтық өтінімдер, содан кейін сатып алуға жоғары бағамен, ал сатуға - төмен бағамен лимиттелген өтінімдер қанағаттандырылады. Бағалар тең болған кезде бірінші кезекте уақыт бойынша бұрын берілген лимиттелген өтінімдер қанағаттандырылады.

34. Ашу аукционы барысында қанағаттандырылмаған өтінімдер сауда-клирингілік жүйесінде қолданыстағы ретінде сақталады.

35. Ашу аукционы барысында жасалған мәмілелер әрбір қаржы құралы бойынша сауда-саттық нәтижелерін қалыптастыру кезінде ескеріледі.

36. Егер жабу аукционында берілген барлық өтінімнің ішіндегі сатып алудың ең жоғары бағасы сатудың ең төмен бағасымен қиылыспаса немесе сатып алуға немесе сатуға өтінімдер сауда-клирингілік жүйеде болмаса, не есептелген баға Биржа белгілеген жабу аукционы бағасының шекті мәнінен шығып кетсе не есептелген баға бойынша нарықтық өтінімдер толық қанағаттандырылмаса, өтінім қабылдау кезеңінде жабу аукционының бағасы анықталмайды.

    Егер аукцион бағасын анықтау сәтінде өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде берілген барлық өтінімнің ішіндегі ең жоғары сатып алу бағасы ең төмен сату бағасымен қиылыспаса, немесе сауда-клирингілік жүйесінде сатып алуға немесе сатуға өтінімдер болмаса, немесе есептелген баға аукцион бағасының шекті мәнінен асып осы тараудың 43-тармағына сәйкес есептелген соңғы ағымдағы баға Биржа белгілеген жабу аукционының бағасы болып есептеледі. Егер Биржаның шешімімен өзгеше белгіленбесе, бағалы қағазбен ең болмағанда бір мәміле болмаса, жабу аукционының бағасы анықталмайды.

37. Жабу аукционының бағасы бойынша сауда-саттық кезеңінде мәміле жасасу жабу аукционының бағасы бойынша жүргізіледі.

38. Сауда-саттық кезеңінде сауда-клирингілік жүйесіне жабу аукционының бағасы бойынша өтінім қабылдау кезеңінде және/немесе өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде берілген және орындалмаған немесе ішінара орындалған лимиттелген және нарықтық өтінімдер беріледі.

39. Жабу аукционын өткізу барысында өтінім бойынша мәміле жасасу мұндай өтінімнің баға шарттары жабу аукционының бағасымен қиылысқан кезде жүзеге асырылады. Өтінім қабылдау кезеңінде немесе өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде мәміле жасасу аукцион бағасын анықтау сәтінде жүргізіледі.

40. Өтінім қабылдау кезеңінде және/немесе жабу аукционының бағасы бойынша өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде сұраныс пен ұсыныс тең болмаған кезде бірінші кезекте жабу аукционының нарықтық өтінімдері, содан кейін нарықтық өтінімдер, содан кейін жабу аукционының лимиттелген өтінімдері және сатып алуға жоғары бағамен, ал сатуға – төмен бағамен лимиттелген өтінімдер қанағаттандырылады.

41. Бағалар тең болған кезде бірінші кезекте уақыт бойынша бұрын берілген жабу аукционының лимиттелген өтінімдері, содан кейін уақыт бойынша бұрын берілген лимиттелген өтінімдер қанағаттандырылады.

42. Сауда-саттық кезеңінде жабу аукционының бағасы бойынша сұраныс пен ұсыныс тең болмаған кезде бірінші кезекте жабу аукционының нарықтық өтінімдері мен жабу аукционының нарықтық өтінімдері, содан кейін жабу аукционының лимиттелген өтінімдері, лимиттелген өтінімдер, жабу аукционының бағасымен уақыт бойынша бұрын берілген өтінімдер қанағаттандырылады.

43. Өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде қандай да бір бағалы қағаз бойынша ағымдағы баға мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, есеп айырысу сәтінің алдындағы он минут үшін осы бағалы қағаздың орташа сараланған бағасы ретінде есептеледі:

    1) бағаны есептеу ашық сауда-саттық әдістерімен жасалған бағалы қағаздар бойынша сауда-саттықты өткізу уақыты ішінде минутына кемінде бір рет жүзеге асырылады;

    2) сауда-саттықтың соңғы минуты ішінде ашық сауда-саттық әдістерімен жасалған мәмілелер болмаған жағдайда, бағалы қағаздың ағымдағы бағасы осы бағалы қағаздың соңғы есептелген ағымдағы бағасына тең деп қабылданады.

4-тарау. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІ

44. Мамандандырылған сауда-саттық әдісі ашық дискреттік сауда-саттық әдісіне жатады, Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралын орналастыруға, сатуға, өтеуін төлеп алуға және сатып алуға қатысты ғана және орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушы) (бұдан әрі осы тарауда – сатушы (сатып алушы)) болған кезде ғана пайдаланылады.

    Мамандандырылған сауда-саттық әдісімен сауда-саттықтар сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша Биржаның сауда-клирингілік жүйесі арқылы жүргізіледі.

45. Олар шығарған бағалы қағаздарды орналастыру кезінде "қор" санатындағы Биржаның мүшесі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі/жергілікті атқарушы орган мамандандырылған сауда-саттыққа бастамашы болуға құқылы.

46. Мамандандырылған сауда-саттық:

    1) бағалы қағаздарды орналастыруға немесе өтеуін төлеп алуға;

    2) бағалы қағаздарды сатуға немесе сатып алуға арналған.

47. Мамандандырылған сауда-саттық сатушының (сатып алушының) тілектеріне сәйкес бір немесе одан да көп итерацияда өткізілуі мүмкін; бұл ретте мамандандырылған сауда-саттықтың жеке итерациясы:

    1) қаржы құралын орналастыру (сату, өтеуін төлеп алу, сатып алу) жөніндегі аукцион (бұдан әрі – аукцион)[3];

    2) бағалы қағаздарды орналастыру кезінде ғана – оларды қосымша орналастыру жөніндегі аукцион болады.

48. Биржа өткізетін аукциондарға оның мынадай түрлері жатады:

    1) лимиттелген қарсы өтінімдердің бағасы бойынша аукцион;

    2) бірыңғай кесім бағасы бойынша аукцион;

    3) нарықтық өтінімдері бар аукцион;

    4) купон мөлшерлемесін анықтау жөніндегі аукцион;

    5) қосымша орналастыру жөніндегі аукцион.

49. Аукцион оларға сәйкес өткізілетін негізгі параметрлер осы тараудың кестесінде айқындалған.

50. Аукцион өткізу кезінде қарсы өтінімдерді[4] берудің мынадай тәсілдері қолжетімді:

    1) ашық тәсіл[5], бұл ретте сауда-саттыққа қатысушылар[6] берген қарсы өтінімдердің бағасы мен мөлшері туралы мәліметтерге сатушының (сатып алушының) қол жеткізуге рұқсаты болады, ал сауда-саттыққа әрбір жекелеген қатысушының басқа сауда-саттыққа қатысушылар берген қарсы өтінімдердің бағасы мен мөлшері туралы мәліметтерге қол жеткізуге рұқсаты болады;

    2) жабық тәсіл, бұл ретте қарсы өтінімнің бағасы мен мөлшері туралы мәліметтер оны берген сауда-саттыққа қатысушыға ғана қолжетімді болады.

51. Егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден кем болса немесе Биржа бірде-бір лимиттелген қарсы өтінімді қабылдамаса, аукцион өткізілмеді деп танылады және жарияланады.

    Үлестік бағалы қағаздарды не мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарды орналастыру немесе сатып алу мақсатында аукцион өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлестерін орналастыру (сату, өтеуін төлеп алу, сатып

---

[3] Қаржы құралын орналастыру/сату (қосымша орналастыру) бойынша бірнеше аукцион өткізуге жол беріледі.

[4] Мұнда және бұдан әрі осы тарауда қарсы өтінімдер деп сатып алуға арналған өтінімдер (қаржы құралын орналастыру немесе сату кезінде) не сатуға арналған өтінімдер (қаржы құралын кері сатып алу немесе иемдену кезінде) түсініледі.

[5] Қарсы өтінімдер берудің ашық тәсілі сауда-клирингілік жүйеде мамандандырылған сауда-саттық өткізу кезінде ғана мүмкін болады.

[6] Осы жерде және одан әрі осы тарауда сатушы (сатып алушы) сауда-саттыққа қатысушылар қатарына енгізілмейді.

алу) мақсатында аукцион өткізу кезінде сауда-саттыққа қатысушылардың минималды саны шектелмейді.

52. Аукционды өткізу кезінде сатушы (сатып алушы) лимиттелген қарсы өтінімдерді қанағаттандырудың мынадай тәсілдерін таңдауға құқылы (орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын немесе сатып алынатын) қаржы құралы түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескере отырып):

    1) өтінімдердің бағасына байланысты:

        кесім бағасы бойынша; немесе

        кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша;

    2) өтінім беру кезегіне байланысты:

        Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша; немесе

        қарсы өтінімдердің мөлшеріне пропорционалды.

53. Қарсы өтінімдерді Биржа оларды қабылдау уақыты бойынша қанағаттандырған кезде бірінші кезекте Биржа бұрын қабылдаған қарсы өтінімдер қанағаттандырылады.

    Қарсы өтінімдер олардың мөлшеріне барабар қанағаттандырылған кезде олар Биржаның оларды қабылдау уақытына қарамастан, қарсы өтінімдер мөлшерінің олардың жиынтық мөлшеріне арақатынасына барабар қанағаттандырылады. Өтінімдерді олардың мөлшеріне пропорционалды қанағаттандыру, егер бір бағамен берілген лимиттелген қарсы өтінімдердің жиынтық мөлшері нарықтық өтінімдерді және неғұрлым жоғары бағамен берілген лимиттелген қарсы өтінімдерді қанағаттандырғаннан кейін қалған сатушы (сатып алушы) өтінімінің қанағаттандырылмаған мөлшерінен асып кетсе, қолданылуы мүмкін және бұл ретте қалған лимиттелген қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты арасындағы айырмашылықтар оларды қабылдау уақыты бойынша осы өтінімдерді қанағаттандыру тәсілін пайдалануды сөзсіз әділ деп санау үшін маңызды болып табылмайды.

54. Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша қанағаттандыру тәсілімен Биржа қабылдаған лимиттелген қарсы өтінімдерді қанағаттандыру кезінде:

    1) лимиттелген қарсы өтінімдер белгілі бір тәсілмен (бірыңғай кесім бағасы бойынша немесе кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша) қанағаттандырылады;

    2) лимиттелген қарсы өтінімдер онда көрсетілген баға кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын өтінімнен бастап қанағаттандырылады;

    3) лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары тең болған кезде оларды Биржаның қабылдау уақытына сәйкес бұрын берілгендерге артықшылық беріледі;

    4) лимиттелген қарсы өтінім ішінара ғана қанағаттандырылуы мүмкін (осы тармақтың 1)–3) тармақшаларында айқындалған лимиттелген қарсы өтінімдерді қанағаттандыру тәртібі негізге алына отырып).

55. Биржа қабылдаған лимиттелген қарсы өтінімдерді қанағаттандыру тәсілімен қарсы өтінімдердің мөлшеріне пропорционалды түрде қанағаттандырған кезде:

    1) жекелеген лимиттелген қарсы өтінім негізінде мәміле мөлшері былайша анықталады: осы өтінімнің мөлшері лимиттелген қарсы өтінімдер негізінде мәмілелердің барынша ықтимал жиынтық мөлшерінің лимиттелген қарсы өтінімдердің жиынтық мөлшеріне арақатынасына көбейтіледі.

        Осы тармақшаның бірінші абзацына сәйкес алынған шама ең жақын бүтін санға дейін азайту жағына дөңгелектенеді және осы өтінім негізінде мәміле мөлшері болып табылады;

    2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған мөлшерде лимиттелген қарсы өтінімдер негізінде мәмілелер жасалады; егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған лимиттелген қарсы өтінім негізіндегі мәміле мөлшері нөлге тең болса, осы өтінім қанағаттандырылмайды;

3) лимиттелген қарсы өтінімдер негізіндегі мәмілелердің барынша ықтимал жиынтық мөлшері мен осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жасалған мәмілелердің жиынтық мөлшері арасындағы айырма анықталады;

4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес айқындалған айырма осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған лимиттелген қарсы өтінімдер арасында былайша бөлінеді:

лимиттелген қарсы өтінімдер негізіндегі мәмілелердің мөлшері қаржы құралының бір бірлігіне (әрқайсысына) ұлғайтылады, бұл ретте оларды Биржаның қабылдау уақытына сәйкес бұрын берілген лимиттелген қарсы өтінімдерге артықшылық беріледі;

осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес мәмілелердің мөлшерін ұлғайту көрсетілген айырма таусылғанға дейін немесе осы тармақшаның төртінші абзацында көрсетілген оқиға басталғанға дейін (көрсетілген оқиғалардың қайсысы бұрын басталатынына қарай) жалғасады;

егер мұндай ұлғайту осы өтінімнің мөлшерін арттыруға әкеп соғатын болса, осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес лимиттелген қарсы өтінім негізінде мәміле мөлшерін ұлғайту жүргізілмейді.

56. Нарықтық өтінімдері бар аукцион өткізу кезінде лимиттелген қарсы өтінімдер қанағаттандырылған кезде:

1) лимиттелген қарсы өтінімдер кесім бағасына тең немесе сатушы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша қанағаттандырылады;

2) кесім бағасына тең және одан асатын бағасы бар лимиттелген қарсы өтінімдер орналастырылатын (сатылатын) қаржы құралының жарияланған көлеміне байланысты толық мөлшерде де, ішінара да қанағаттандырылуы мүмкін.

57. Нарықтық өтінімдері бар аукцион өткізу кезінде нарықтық қарсы өтінімдерді қанағаттандыру кезінде:

1) нарықтық өтінімдер бағасы кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген өтінімдердің орташа сараланған бағасы бойынша (орналастырылатын (сатылатын) қаржы құралы түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескере отырып) қанағаттандырылады;

2) нарықтық өтінімдер сауда-саттыққа қатысушы берген өтінімдердің жалпы көлеміне қатысты лимиттелген өтінімдердің аукцион басталғанға дейін айқындалған үлесі шегінде қанағаттандырылады;

3) белгіленген үлестің асып кетуі салдарынан барлық нарықтық өтінімді толық қанағаттандыру мүмкін болмаған кезде олар олардың мөлшеріне барабар қанағаттандырылады.

58. Нарықтық өтінімдері бар аукционды өткізу кезінде сатып алуға арналған өтінімдердегі сұраныс кесім бағасы бойынша жарияланған орналастыру көлемінен асып кеткен жағдайда:

1) лимиттелген өтінімдер бірінші кезекте кесім бағасынан асатын немесе тең максималды бағасы бар лимиттелген өтінімнен бастап аукционда ұсынылатын осы қаржы құралы бойынша қанағаттандырылған лимиттелген өтінімдердің жиынтық көлеміне жеткенге дейін немесе кесім бағасына тең лимиттелген өтінімнің бағасына жеткенге дейін қанағаттандырылады. Кесім бағасы бойынша лимиттелген өтінімдердің жиынтық көлемі кесім бағасынан асатын бағамен лимиттелген өтінімдерді қанағаттандырғаннан кейін қалған қаржы құралдарының көлемінен асып кеткен кезде кесім бағасы бойынша лимиттелген өтінімдер кесім бағасы бойынша берілген лимиттелген өтінімдердің жалпы көлеміндегі көрсетілген өтінімдердің үлестеріне пропорционалды қанағаттандырылады;

2) нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қолжетімді қаржы құралдарының көлемі аукционда ұсынылатын бағалы қағаздың көлемі мен қанағаттандырылуға тиіс лимиттелген өтінімдердің жиынтық көлемі арасындағы айырма ретінде анықталады;

3) нарықтық өтінімдер олардың жиынтық көлемі нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қолжетімді қаржы құралдарының көлемінен аспаған кезде толық көлемде қанағаттандырылады. Нарықтық өтінімдердің жиынтық көлемі нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру үшін қолжетімді бағалы қағаздар көлемінен асқан кезде нарықтық өтінімдер

берілген нарықтық өтінімдердің жалпы көлеміндегі көрсетілген өтінімдердің үлесіне барабар қанағаттандырылады.

59. Лимиттелген өтінімді қанағаттандыру нарықтық өтінімдері бар аукционды өткізу кезінде кесім бағасы бойынша қанағаттандырылатын берілген лимиттелген өтінімдердің жалпы көлеміндегі осы өтінімнің үлесіне пропорционалды түрде мынадай түрде жүзеге асырылады:

    1) лимиттелген өтінімнің мөлшері лимиттелген өтінімдер негізінде мәмілелердің барынша ықтимал жиынтық мөлшерінің лимиттелген өтінімдердің жиынтық мөлшеріне арақатынасына көбейтіледі;

    2) алынған шама ең жақын бүтін санға дейін азайту жағына дөңгелектенеді және осы лимиттелген өтінім негізінде мәміле мөлшері болып табылады;

    3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде лимиттелген қарсы өтінімдер негізінде мәмілелер жасалады;

    4) лимиттелген өтінімдер негізіндегі мәмілелердің барынша ықтимал жиынтық мөлшері мен осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес жасалған мәмілелердің жиынтық мөлшері арасындағы айырма анықталады;

    5) осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес айқындалған айырма осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған лимиттелген өтінімдер арасында былайша бөлінеді:

        – лимиттелген өтінімдер негізіндегі мәмілелердің мөлшері бағалы қағаздың бір бірлігіне (әрбір мәміле) ұлғайтылады, бұл ретте сауда-клирингілік жүйесіне бұрын берілген лимиттелген өтінімдерге артықшылық беріледі;

        – мәмілелер мөлшерінің ұлғаюы көрсетілген айырма таусылғанға дейін немесе мұндай ұлғаю өтінім мөлшерінің артуына әкеп соққанда (қайсысы ерте болатынына қарай) жалғасады.

60. Нарықтық өтінімдер салынған аукционды өткізу кезінде берілген нарықтық өтінімдердің жалпы көлеміндегі осы өтінімнің үлесіне барабар нарықтық өтінімді қанағаттандыру мынадай түрде жүзеге асырылады:

    1) нарықтық өтінімнің мөлшері нарықтық өтінімдер негізінде (нарықтық өтінімдерді қанағаттандырудың жол берілетін үлесі шегінде) мәмілелердің максималды ықтимал жиынтық мөлшерінің нарықтық өтінімдердің жиынтық мөлшеріне арақатынасына көбейтіледі;

    2) алынған шама ең жақын бүтін санға дейін азайту жағына дөңгелектенеді және осы өтінім негізінде мәміле мөлшері болып табылады;

    3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған мөлшерде нарықтық өтінімдер негізінде мәмілелер жасалады;

    4) нарықтық өтінімдер негізіндегі мәмілелердің барынша ықтимал жиынтық мөлшері (нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру дәрежесіне жол берілетін шекте) мен осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес жасалған мәмілелердің жиынтық мөлшері арасындағы айырма анықталады;

    5) осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес айқындалған айырма осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес қанағаттандырылған нарықтық өтінімдер арасында былайша бөлінеді:

        – нарықтық өтінімдер негізіндегі мәмілелердің мөлшері қаржы құралының бір бірлігіне (әрбір мәміле) ұлғайтылады, бұл ретте қор нарығының СКЖ-не бұрын берілген өтінімдерге артықшылық беріледі;

        – мәмілелер мөлшерінің ұлғаюы көрсетілген айырма таусылғанға дейін немесе мәміле мөлшерінің ұлғаюы өтінім мөлшерінің артуына әкеп соққанда (қайсысы бұрын басталатынына қарай) жалғасады.

61. Мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде сатушы (сатып алушы) кейбір жағдайларда лот белгілеуге құқылы, оның макисмалды мөлшері орналастыру (сату, өтеуін төлеп алу, сатып алу) кезінде орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының болжамды санының 5%-нан аспауға тиіс.

62. Сауда-саттықты мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысынан

(сатып алушысынан) басқа, сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдері расталуға не растаудан бас тартуға тиіс, оларды қанағаттандыру кезінде қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің қатысушылары бақылайтын сауда-саттық шоттары пайдаланылатын болады.

63. Сауда-саттық шеңберінде сауда-клирингілік жүйеге тікелей өтінімдер берілетін мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілген кезде, қажет болған жағдайда Биржа қамтамасыз етуді бақылау жүйесіне қатысушыдан:

1) қаржы құралын орналастыру (сату, өтеуін төлеп алу, сатып алу) бойынша аукцион өткізу кезінде – Биржаның осы өтінім қабылдау кезеңін қамтитын уақыт аралығы ішінде және осы кезең аяқталғаннан кейінгі 30 минут ішінде;

2) мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылатын бағалы қағаздарды қосымша орналастыру бойынша аукцион өткізу кезінде – Биржаның осы өтінімдерді қабылдауына арналған кезеңді қамтитын уақыт аралығы ішінде және осы кезең аяқталғаннан кейінгі 15 минут ішінде осы өтінімдерді растаудан бас тартуы мүмкін.

64. Сауда-саттық шеңберінде сауда-клирингілік жүйеге тікелей өтінімдерден өзге берілетін бағалы қағаздарды орналастыру (сату, өтеуін төлеп алу, сатып алу) немесе қосымша орналастыру жөніндегі мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілген кезде Биржа осы өтінімдерді қабылдау кезеңінде ғана осы өтінімдерді растауды немесе растаудан бас тартуды алуға тиіс.

Кесте

р/	Аукцион түрі	Аукционның мақсаты	Қарсы өтінімдерді беру тәсілі	Бағалардың көрсетілуіне байланысты өтінімдердің түрлері	Өтінімдердің бағасына байланысты қарсы өтінімдерді қанағаттандыру тәсілі	Қарсы өтінімдерді беру кезегіне байланысты оларды қанағаттандыру тәсілі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Лимиттелген қарсы өтінімдердің бағасы бойынша аукцион	Орналастыру, сату, өтеуін төлеп алу және сатып алу	Ашық/жабық	Лимиттелген	Кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша	Қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша
2.	Бірыңғай кесім бағасы бойынша аукцион	Орналастыру, сату, өтеуін төлеп алу және сатып алу	Жабық	Лимиттелген	Бірыңғай кесім бағасы бойынша	Қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша
3.	Нарықтық өтінімдері бар аукцион	Орналастыру және сату	Жабық	Лимиттелген	Кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша	Қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша
				Лимиттелген және нарықтық	**Лимиттелген:** кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша жүргізіледі. **Нарықтық:** бағасы кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің орташа сараланған бағасы бойынша (орналастырылатын (сатылатын, өтеуі төлеп алынатын, сатып алынатын)	Бірінші кезекте лимиттелген қарсы өтінімдер, екінші кезекте – нарықтық қарсы өтінімдер қанағаттандырылады (лимиттелген қарсы өтінімдердің көлемі жеткіліксіз болған жағдайда)

р/	Аукцион түрі	Аукционның мақсаты	Қарсы өтінімдерді беру тәсілі	Бағалардың көрсетілуіне байланысты өтінімдердің түрлері	Өтінімдердің бағасына байланысты қарсы өтінімдерді қанағаттандыру тәсілі	Қарсы өтінімдерді беру кезегіне байланысты оларды қанағаттандыру тәсілі
1	2	3	4	5	6	7
					қаржы құралы түрінің ерекшеліктерінен туындайтын шектеулерді ескере отырып)	
4.	Купон мөлшерлемесін анықтау жөніндегі аукцион	Орналастыру	Жабық	Лимиттелген[7] тікелей	Бірыңғай кесім бағасы бойынша	1) қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша; немесе 2) қарсы өтінімдердің мөлшеріне пропорционалды
5.	Қосымша орналастыру аукционы	Орналастыру және сату	Жабық	Лимиттелген тікелей Лимиттелген тікелей/Сатушының бағасы бойынша өтінімдер	1) бірыңғай кесім бағасы бойынша; немесе 2) кесім бағасына тең немесе сатушы (сатып алушы) үшін неғұрлым тиімді болып табылатын лимиттелген қарсы өтінімдердің бағалары бойынша	1) қарсы өтінімдерді қабылдау уақыты бойынша; немесе 2) қарсы өтінімдердің мөлшеріне пропорционалды

5-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРҒА ЖАЗЫЛУ ӘДІСІ

65. Жазылу әдісі жабық сауда-саттық әдістеріне жатады, бір ғана сатушы болған кезде және Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржа өзінің ресми тізіміне енгізуге келісім берген бағалы қағаздарды орналастыру (сату) кезінде ғана қолданылады және оны өткізудің мынадай талаптарын көздейді:

1) жазылуға сатып алушы ретінде әрекет ететін бір сауда-саттық қатысушысы және/немесе 50-ден аз инвестор қатыса алады;

2) жазылу өткізу талаптары (бағалы қағаздарды бөлу тәсілі және/немесе бір бағалы қағаздың бағасы, және/немесе инвестордың түрі, және/немесе өтінімнің мөлшері және т. б.) оны өткізудің кез келген уақытында айқындалуы мүмкін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында белгіленген талаптар мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жүргізілетін жазылуға қолданылмайды.

Жазылу әдісімен сауда-саттық сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша Биржаның сауда-клирингілік жүйесі арқылы өткізіледі.

Егер КҚС-ның мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кірсе, көміртегі бірліктерінің сауда-саттық жүйесінің операторы бастамашы ретінде әрекет етуге құқылы.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)

66. Оның өтінішінде көрсетілген сатушының таңдауына байланысты жазылу ОК қатысқан сауда-саттық режимінде не ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде жүргізіледі.

---

7 Купон мөлшерлемесін айқындау бойынша аукцион өткізу кезінде тікелей өтінімнің деректемесін толтыру үшін міндетті болып «Сілтеме» жолы табылады, ол аукцион барысында анықталатын пайыздық мөлшерлеменің сауда-саттыққа қатысушылар үшін қолайлы шамасын (қолайлы пайыздық мөлшерлеменің шамасы деп сауда-саттыққа қатысушы өзінің өтінімінде көрсетілген қаржы құралының санын сатып алуға дайын болатынын жариялаған кезде купон бойынша пайыздық мөлшерлеменің шамасы түсініледі) көрсету үшін пайдаланылады. "Сілтеме" жолын толтырмай өтінімдер қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді.

67. Қандай да бір бағалы қағазды орналастыру немесе сату бойынша жазылу өткізу бір мезгілде ОК қатысқан сауда-саттық режимінде де, сондай-ақ ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде де жүргізілуі мүмкін, бұл ретте мұндай сауда-саттық осы бағалы қағаздарға бірыңғай жазылу болып танылады.

68. "Қор" санатындағы Биржа мүшелерінің консорциумы сатушы ретінде қатыса алады, бұл ретте мұндай консорциумға қатысушылар осындай бірлестікке кіретін Биржа мүшесін дербес айқындайды, ол жазылу кезінде оның атынан Биржамен өзара іс-қимыл жасайды, осындай жазылуды өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді, сондай-ақ Биржамен өзара іс-қимыл барысында алынатын ақпараттың тиісінше таратылмағаны үшін және Биржамен өзара іс-қимыл кезінде өз іс-қимылын консорциумға қатысушылармен келісу үшін жауапты болады.

69. Егер сатып алушылар бірде-бір өтінім бермесе, жазылу өткізілмеді деп танылады және жарияланады. Жазылу өтпеді деп танылған жағдайда Биржа Орталық депозитарийді және "қор" санатындағы Биржа мүшелерін өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей хабардар етеді.

70. Биржа бағалы қағаздарды қатысушылар арасында бөлу процесіне қатыспайды және мұндай бөлу үшін жауапты болмайды.

71. Мәмілелер бойынша есеп айырысу мәмілелер жасалған күннен ерекшеленуі мүмкін ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде жүргізілетін жазылуды қоспағанда, олар жасалған күні жүзеге асырылады.

72. ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу:

    1) Орталық депозитарий өзінің ережелер жинағына сәйкес өзара іс-қимылы Орталық депозитарий осы клиринг орталығымен жасасқан шартпен реттелетін клиринг орталығының бұйрықтары негізінде, немесе

    2) Орталық депозитарийден басқа ұйым. Бұл ретте Биржа мен Клиринг орталығы мәмілелер бойынша есеп айырысу процесіне қатыспайды және осындай есеп айырысуға байланысты қандай да бір қызмет көрсетпейді; немесе *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен өзгертілген)*

    3) мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жазылу жүргізілген жағдайда, ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде – Клиринг орталығы, КҚС бойынша есеп айырысу бөлігінде – Орталық депозитарий, ал көміртегі бірліктері бойынша есеп айырысу бөлігінде – көміртегі бірліктерінің сауда-саттық жүйесінің операторы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 06 қазандағы шешімімен енгізілген)*.

73. Сатушының жазбаша өтініші ұсынылған жағдайда жазылуды өткізу шарттары өзгертілуі, сондай-ақ мыналар сақталған жағдайда оны өткізудің өзге де шарттары белгіленуі мүмкін:

    1) енгізілетін өзгерістер немесе қосымша шарттар осы Ережелерге және Биржаның және клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына қайшы келмейді;

    2) Орталық депозитариймен ақпарат алмасуға байланысты жазылу шарттарына өзгерістер өтінім қабылдау басталған күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарийдің келісімі бойынша белгіленеді.

74. Биржа жазылу шарттарының өзгергені туралы Орталық депозитарийді және "қор" санатындағы Биржа мүшелерін дереу хабардар етеді.

6-тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЖАРИЯ ҰСЫНЫС ӘДІСІ

75. Жария ұсыныс әдісі ашық сауда-саттық әдістеріне жатады, Биржаның ресми тізіміне енгізілген немесе Биржаның оның ресми тізіміне енгізуге келісімі берілген қаржы құралын орналастыруға, сатуға қатысты ғана және орналастырылатын (сатылатын) қаржы құралының жалғыз сатушысы болған кезде ғана пайдаланылады және мыналарды болжайды:

    1) инвесторлардың әлеуетті шектелмеген тобының жария ұсынысқа қатысуы, бұл сатып алушы ретінде қатысатын сауда-саттыққа кемінде екі қатысушының және кемінде 50 инвестордың қатысуын білдіреді;

2) жария ұсыныcты өткізу шарттары алдын ала айқындалған (бағалы қағаздарды бөлу тәсілі және/немесе бір бағалы қағаздың бағасы және/немесе инвестордың типі және/немесе өтінім мөлшері және т.б.).

Жария ұсыныс әдісімен сауда-саттық сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша Биржаның сауда-клирингілік жүйесі арқылы жүргізіледі.

76. Биржа жария ұсынысқа қатысушылардың барлық санаты үшін әлеуетті тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Олардың өтінім беруінің ерекшеліктері мен шарттарын сатушы реттейді және жария ұсыныcты өткізуге арналған өтініште алдын ала жарияланады.

77. Қандай да бір бағалы қағазды орналастыру немесе сату жөніндегі жария ұсыныcты өткізу бір мезгілде ОК қатысқан сауда-саттық режимінде де, сондай-ақ ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде де жүргізілуі мүмкін, бұл ретте мұндай сауда-саттық осы бағалы қағаздардың бірыңғай жария ұсынысы болып танылады.

78. Сатушы ретінде "қор" санатындағы Биржа мүшелерінің консорциумы әрекет ете алады, бұл ретте мұндай консорциумға қатысушылар осындай бірлестікке кіретін, жария ұсыныс жүргізу кезінде оның атынан Биржамен өзара іс-қимыл жасайтын Биржаның мүшесін дербес айқындайды, осындай жария ұсыныcты өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді, сондай-ақ Биржамен өзара іс-қимыл барысында алынатын ақпаратты тиісінше таратпағаны үшін және Биржамен өзара іс-қимыл кезінде өз іс-қимылын консорциумға қатысушылармен келіскені үшін жауапты болады.

79. Егер өтінімдер сатып алушы ретінде қатысатын екеуден кем қатысушыдан және 50-ден кем инвестордан берілсе, жария ұсыныcты өткізу өтпеді деп танылады және жарияланады. Жария ұсыныс өтпеді деп танылған жағдайда Биржа Орталық депозитарийді және "қор" санатындағы Биржа мүшелерін өтінім қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей хабардар етеді.

80. Биржа бағалы қағаздарды қатысушылар арасында бөлу процесіне қатыспайды және мұндай бөлу үшін жауапты болмайды.

81. Мәмілелер бойынша есеп айырысу мәмілелер жасалған күннен ерекшеленуі мүмкін ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде өткізілетін жария ұсыныcты қоспағанда, мәмілелер жасалған күні жүзеге асырылады.

82. Орталық депозитарий ОК қатысқан сауда-саттық режимінде жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды оның ережелер жинағына сәйкес клиринг орталығы бұйрықтарының негізінде жүзеге асырады, онымен өзара іс-қимыл Орталық депозитарий осы клиринг орталығыпен жасасқан шартпен реттеледі.

83. ОК қатыспаған сауда-саттық режимінде жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу Орталық депозитарийдің осы клиринг орталығымен жасасқан шартпен өзара іс-қимылы реттелетін клиринг орталығының бұйрықтары негізінде оның ережелер жинағына сәйкес Орталық депозитарий арқылы жүзеге асырылады.

84. Сатушының жазбаша өтініші ұсынылған жағдайда Биржа Басқармасының шешімі бойынша жария ұсыныcты өткізу шарттары өзгертілуі, сондай-ақ мыналар сақталған жағдайда оны өткізудің өзге де шарттары белгіленуі мүмкін:

1) енгізілетін өзгерістер немесе қосымша шарттар осы Ережелерге және Биржаның және клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына қайшы келмейді және барлық қатысушыға қолданылады;

2) енгізілетін өзгерістер немесе қосымша шарттар туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс;

3) Орталық депозитариймен ақпарат алмасуға байланысты жария ұсыныс шарттарына өзгерістер өтінім қабылдау басталған күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитариймен келісім бойынша белгіленеді.

85. Биржа жария ұсыныс шарттарының өзгергені туралы Орталық депозитарийді және "қор" санатындағы Биржа мүшелерін дереу хабардар етеді.

7-тарау. ФИКСИНГ ӘДІСІ

86. Фиксинг әдісі ашық дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, бағаны іздеу қағидатына негізделген, бұл ретте Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің жиынтық мөлшері арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етіледі.

    Фиксинг әдісімен сауда-саттықты дауыс беру процедуралары арқылы Биржаның сауда-клирингілік жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу мүмкін болмаған кезде Биржа жүргізеді.

87. Сауда-саттыққа қатысушылар сатуға және сатып алуға өтінімдерді жазбаша түрде береді.

88. Биржа қабылдаған ауызша қосымша өтінімдер сауда-саттықты өткізу аяқталғаннан кейін жазбаша түрде расталуға тиіс.

89. Өтінімдерге арналған бланкілерді сауда-саттыққа қатысушыларға Биржа береді.

90. Сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізуді бастағанға дейін Биржа жұмыскері:

    1) қажет болған кезде сауда-саттыққа қатысушылармен қаржы құралының ең қолайлы бастапқы (әуелгі) бағасы туралы кеңесулер жүргізеді (егер қаржы құралының осындай бастапқы (әуелгі) бағасын анықтау тәсілі Биржаның ішкі құжаттарында анықталмаса ғана);

    2) сауда-саттыққа қатысушылардан олар үшін қаржы құралы бағасының өзгеру қадамы және Биржаның қосымша өтінім қабылдауы кезеңінің ұзақтығы туралы сұратуға құқылы;

    3) Биржаның өтінімдерді қабылдауын, қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасын, Биржаның өтінім қабылдауы кезеңінің ұзақтығын, сондай-ақ Биржаның қосымша өтінім қабылдауы кезеңінің ұзақтығын хабарлайды.

91. Қосымша өтінім берудің кезектілігі туралы даулы жағдайлар Биржа жұмыскерінің түпкілікті болып табылатын және шағымдануға жатпайтын пікіріне сүйене отырып шешілуге тиіс; сонымен бірге даулы жағдайларды әділ шешу мақсатында Биржаның жұмыскері қосымша өтінім берудің кезектілігі туралы сауда-саттыққа қатысушылардың және Биржаның өзге де жұмыскерлерінің пікірлерін сұратуға құқылы.

    Биржаның өтінім қабылдау кезеңі кезінде оларды сауда-саттыққа қатысушылар қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша ғана бере алады.

92. Сауда-саттықты фиксинг әдісімен өткізу кезінде нарықтық өтінімдер берілмейді.

93. Биржа өтінім қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін ол Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық тізбесін қалыптастырады, оған:

    – сатуға арналған барлық өтінімнің жиынтық мөлшері туралы;

    – сатып алуға барлық өтінімнің жиынтық мөлшері туралы;

    – сатуға және сатып алуға өтінімдердің жиынтық мөлшері арасындағы айырмашылықтың мөлшері (оң немесе теріс) туралы деректер енгізіледі.

94. Сатуға да, сатып алуға да өтінімдер болмаған жағдайда фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттықты Биржа өткізілмеді деп таниды және жариялайды.

95. Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің жиынтық мөлшері арасындағы тепе-теңдік (нөлдік айырма) жағдайында фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық бір мезгілде ашық және жабық деп жарияланады, ал мәмілелер Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің мөлшерінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша жасалады.

96. Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің жиынтық мөлшері арасында тепе-теңдік (нөлдік айырма) болмаған кезде фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық ашық деп жарияланады, ал сауда-саттыққа қатысушылар қаржы құралының бастапқы (бастапқы) бағасы бойынша сату және сатып алуға қосымша өтінімдер беру құқығын алады.

97. Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің (оның ішінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша өтінімдер) жиынтық мөлшері арасындағы тепе-теңдік (нөлдік айырма) жағдайында фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланады, ал мәмілелер Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға өтінімдер (базалық өтінімдер және қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша өтінімдер) мөлшерінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша жасалады.

98. Егер Биржа қабылдаған сатуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері Биржа қабылдаған сатып алуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша

өтінімдердің) жиынтық мөлшерінен асып кетсе, онда қаржы құралының бағасы оның бастапқы (әуелгі) бағасынан бір қадамға төмендетіледі.

99. Егер Биржа қабылдаған сатып алуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері Биржа қабылдаған сатуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы бойынша қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшерінен асып кетсе, онда қаржы құралының бағасы оның бастапқы (бастапқы) бағасынан бір қадамға жоғарылайды.

100. Қаржы құралының бағасы бір қадамға өзгергеннен кейін сауда-саттыққа қатысушылар қаржы құралының осылайша өзгерген бағасы бойынша сатуға және сатып алуға қосымша өтінімдер беру құқығын алады; бұл ретте:

1) сауда-саттыққа қатысушылар қосымша өтінімдерді Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері арасындағы айырманы қысқарту жағына ғана бере алады;

2) мөлшері Биржа қабылдаған сату және сатып алу өтінімдерінің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері арасындағы айырмадан асатын қосымша өтінімді Биржа осындай айырма мөлшерінде ғана қабылдайды;

3) қосымша өтінімдерді оларды беру кезектілігі тәртібімен Биржа қабылдайды;

4) егер Биржа қабылдаған сатуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері Биржа қабылдаған сатып алуға арналған өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшерінен асып кетсе, онда қаржы құралының бағасы оның бұрын өзгерген бағасынан бір қадамға төмендейді;

5) егер Биржа қабылдаған сатып алуға өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері Биржа қабылдаған сатуға өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшерінен асып кетсе, онда қаржы құралының бағасы оның бұрын өзгерген бағасынан бір қадамға жоғарылайды.

101. Осы тараудың 100-тармағында белгіленген процедуралар Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық мөлшері арасындағы тепе-теңдікке (нөлдік айырмаға) қол жеткізілгенге дейін және осындай тепе-теңдікке қол жеткізілген қаржы құралының бағасын белгілегенге дейін қайталануға тиіс.

Қаржы құралының тіркелген бағасы бойынша сатуға және сатып алуға Биржа қабылдаған өтінімдердің (оның ішінде қосымша өтінімдердің) жиынтық көлемі арасында тепе-теңдікке (нөлдік айырмаға) қол жеткізілген кезде фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық жабық деп жарияланады, ал мәмілелер Биржа қабылдаған сатуға және сатып алуға өтінімдер (оның ішінде қосымша өтінімдер) мөлшерінде қаржы құралының тіркелген бағасы бойынша жасалады.

102. Фиксинг әдісімен өткізілетін сауда-саттық сауда-саттыққа қатысушылардың тілектеріне сәйкес бір немесе одан да көп итерацияда өткізілуі мүмкін.

8-тарау. АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ГОЛЛАНД САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІ

103. Ағылшын және голланд сауда-саттық әдістері ашық дискреттік сауда-саттық әдістеріне жатады, ағылшын немесе голланд сауда-саттықта сатылатын қаржы құралының жалғыз сатушысы болған кезде ғана пайдаланылады.

Ағылшын және голланд сауда-саттық әдістерімен сауда-саттық сауда-саттық бастамашысының өтініші бойынша дауыстық процедуралар арқылы жүргізіледі.

104. Қаржы құралы ағылшын (голланд) сауда-саттығында осы қаржы құралымен жалғыз мәміле жасай отырып, біртұтас ретінде сатылады, бұған голланд сауда-саттығын өткізу кезіндегі мынадай жағдайлар кірмейді:

1) сауда-саттыққа бірнеше қатысушы[8] берген сатып алуға өтінімдер Биржа бір мезгілде берген және қабылдаған ретінде танылған, сатылатын қаржы құралы сауда-саттыққа қатысушылар арасында тең мөлшерде бөлінеді және жалғыз сатушымен тиісті мәмілелер жасалады;

[8] Осы жерде және одан әрі осы тарауда сатушы сауда-саттыққа қатысушылар қатарына енгізілмейді.

2) сатылатын қаржы құралымен жасалған жалғыз мәміле сатушының осы сауда-саттыққа одан әрі қатысудан бас тартуына байланысты жасалмайды.

105. Ағылшын (голланд) сауда-саттығы сатушының тілектеріне сәйкес бір немесе одан да көп итерацияда және оған алдыңғы итерациядағыдай мөлшерде сатуға өтінім беру мүмкіндігін бере отырып немесе осы мөлшерді өзгерте отырып (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген тыйым салуды ескере отырып) өткізілуі мүмкін.

Алдыңғы итерация нәтижелері бойынша қанағаттандырылған сатуға қайта өтінім беруге тыйым салынады.

106. Ағылшын сауда-саттығы әдісін пайдаланған кезде әрбір итерация сатушы анықтаған қаржы құралының бастапқы (әуелгі), әдетте, әдейі төмендетілген бағасынан басталады және осы қаржы құралының әлеуетті сатып алушылары осы қаржы құралымен мәміле жасасқанға дейін оның бағасын көтеру жағына қарай жалғасады.

Голланд сауда-саттық әдісін пайдаланған кезде әрбір итерация сатушы анықтаған қаржы құралының бастапқы (әуелгі), әдетте, әдейі көтерілген бағасынан басталады және осы қаржы құралымен мәміле жасасқанға дейін немесе сатушы сауда-саттыққа одан әрі қатысудан бас тартқанға дейін (көрсетілген оқиғалардың қайсысы бұрын болатынына қарай) сатушының оның бағасын төмендету жағына қарай жалғасады.

107. Ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізу үшін сатушы Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған нысан бойынша голланд не ағылшын сауда-саттығын өткізуге Биржаға өтініш беруге тиіс.

108. Биржа өтінішті сатушы үшін ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізу күніне дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей алуға тиіс.

109. Ағылшын (голланд) сауда-саттығы осы сауда-саттықты өткізудің сатушы үшін өтініште көрсетілген ең қолайлы күнін негізге ала отырып, Биржа белгілеген күні өткізіледі.

Ағылшын (голланд) сауда-саттығы бірнеше күнге созылуы мүмкін; тиісінше сатушы өтініште сауда-саттықты өткізудің бірнеше артықшылықты күндерін немесе сатушы бірнеше күн ішінде өткізілуі мүмкін ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізуді бастауды қалайтын күнді көрсетуге құқылы.

Ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізу уақыты тиісті қаржы құралы үшін Сауда-саттық регламентінде айқындалған сауда-саттықты өткізу уақытына сәйкес келуге тиіс.

Ағылшын (голланд) сауда-саттығын бірнеше итерациямен өткізу кезінде сатушы олардың арасында осындай үзілістердің ұзақтығын сатушының қалауы бойынша еркін түрде жариялауға құқылы.

110. Сатушы сатылатын қаржы құралын еркін (сатушының таңдауы бойынша) мөлшердегі бірнеше лотқа бөлуге құқылы; бұл ретте әрбір осындай лот дербес қаржы құралы ретінде сатылуға тиіс.

111. Биржа қабылдаған өтініш сатушының сатуға берген өтінімі болып табылады.

112. Биржа ағылшын (голланд) сауда-саттығын өткізу күнін белгілегеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ол осы сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларға (электрондық пошта арқылы немесе сауда-клирингілік жүйесі арқылы) осы сауда-саттық туралы ақпараттық хабар (бұдан әрі – Ақпараттық хабар) береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында жариялайды.

113. Өтінішке сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылар енгізуге тиіс кепілдік жарналар туралы мәліметтер енгізілген жағдайда:

1) мұндай кепілдік жарнаның мөлшерін сатушы айқындайды (егер мұндай кепілдік жарнаның мөлшері Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталмаса ғана);

2) мұндай кепілдік жарна деректемелері Ақпараттық хабарға енгізілетін Биржаның банктік шотына осы сауда-саттық ашылғанға дейін есептелуге тиіс;

3) осы сауда-саттыққа кепілдік жарналарды енгізу жөніндегі шартты орындаған сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылар ғана қатыса алады;

4) кепілдік жарналарды енгізу жөніндегі шартты орындаған сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылардың санын Биржа жария етуі тиіс.

114. Ағылшын (голланд) сауда-саттығының әрбір жеке итерациясы басталғанға дейін сатушы осы сауда-саттықты өткізуден бас тартуға құқылы; бұл жағдайда:

1) сатуға өтінім күші жойылды деп танылады;

2) Биржа осы сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларға (электрондық пошта арқылы немесе сауда-клирингілік жүйе арқылы) осы сауда-саттықтың күшін жою туралы ақпараттық хабар береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында жариялайды.

115. Ағылшын (голланд) сауда-саттығының әрбір жеке итерациясының басталуымен:

1) сатылатын қаржы құралының бағасын өзгерту қадамы белгіленуі мүмкін;

2) сауда-саттыққа қатысушылар сатылатын қаржы құралының өздері дербес анықтаған бағалары бойынша сатып алуға өтінім беру құқығын алады; бұл ретте:

ағылшын сауда-саттығын өткізу кезінде – өтінімнің бағасы сатылатын қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасынан жоғары болуға тиіс;

голланд сауда-саттығын өткізу кезінде – өтінімнің бағасы сатылатын қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасынан төмен болуға тиіс;

егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден кем болса, голланд сауда-саттығы өткізілмеді деп танылады және жарияланады;

өтінімнің мөлшері сатылатын қаржы құралының санына (сатуға арналған өтінімнің мөлшеріне) тең болуға тиіс;

3) голланд сауда-саттығын өткізу кезінде сатушы:

сауда-саттыққа одан әрі қатысудан бас тарту (сатуға қанағаттандырылмаған өтінімнің күшін жою);

қаржы құралын сату бағасын (сатуға өтінім бағасын) төмендету құқығын алады;

4) ағылшын сауда-саттығын итерациялау:

егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден кем болса;

егер Биржаның сатып алуға өтінімдерді қабылдауы үшін пайдаланылатын уақыт аралығында[9] ол сатып алуға бірде-бір өтінімді қабылдамаса, өтпеді деп танылады және жарияланады;

5) ағылшын сауда-саттығын өткізу кезінде:

сатушының сауда-саттыққа одан әрі қатысудан бас тартуға (сатуға қанағаттандырылмаған өтінімнің күшін жоюға) құқығы жоқ;

сауда-саттыққа қатысушылар сатып алуға өтінімдерді сатылатын қаржы құралының бағасын ұлғайту жағына ғана бере алады;

осы уақыт аралығында Биржа сатып алуға басқа өтінімді қабылдамаған жағдайда, Биржаның сатып алуға өтінімдерді қабылдау үшін пайдаланатын уақыт кезеңі өткен сәттен бастап сатып алуға арналған өтінім қанағаттандырылуға тиіс;

мәміле осы тармақшаның үшінші абзацына сәйкес қанағаттандырылуға жататын сатып алу өтінімінің бағасы бойынша осы өтінім мөлшерінде (сатуға өтінім мөлшерінде) жасалады;

6) голланд сауда-саттығын өткізу кезінде:

сатып алуға өтінімдер болмаған жағдайда сатушы қаржы құралының сату бағасын (сатуға өтінімнің бағасын) төмендетеді немесе сауда-саттыққа одан әрі қатысудан бас тартады;

сатып алуға Биржа қабылдаған бірінші өтінім қанағаттандырылуға тиіс (осы тарауда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

---

[9] Биржа ағылшын сауда-саттығын өткізу кезінде сатып алуға арналған өтінімдерді қабылдау үшін пайдаланатын уақыт аралығын сауда-саттыққа қатысушылардың іскерлік мінез-құлқына сүйене отырып, үшке дейінгі шот қағидаты бойынша дербес анықтайды. Бұл ретте "үш" шотына ағылшын сауда-саттығы өткізілмеді деп танылады және жарияланады (егер сатылатын қаржы құралының бастапқы (әуелгі) бағасы кезінде осы уақыт аралығында Биржа сатып алуға бірде-бір өтінім қабылдамаса) немесе Биржа осы уақыт аралығында Биржа сатып алуға басқа өтінімді қабылдамаған жағдайда, осы қаржы құралын сатып алуға берілген өтінімді Биржа соңғысы қабылдаған сауда-саттыққа қатысушыға сату туралы хабарлайды.

мәміле осы тармақшаның үшінші абзацына сәйкес қанағаттандыруға жататын сатып алуға арналған өтінімнің бағасы бойынша осы өтінім мөлшерінде (сатуға арналған өтінім мөлшерінде) жасалады.

116. Голланд сауда-саттығын өткізу кезінде сатып алуға өтінім берудің кезектілігі туралы даулы жағдайлар Биржаның сауда-саттықты ұйымдастыруға жауапты бөлімшесі қызметкерінің пікіріне сүйене отырып шешілуге тиіс, ол түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды; сонымен бірге сатып алуға өтінімдер берудің кезектілігі туралы даулы жағдайларды әділ шешу мақсатында Биржаның сауда-саттықты ұйымдастыруға жауапты бөлімшесінің жұмыскері сауда-саттыққа қатысушылардың және көрсетілген бөлімшенің басқа да жұмыскерлерінің пікірлерін сұратуға құқылы.

117. Егер сауда-саттыққа бірнеше қатысушы берген сатып алуға өтінімдер бір мезгілде берілген және Биржа қабылдаған ретінде танылған болса:

1) сатушының сатуға арналған өтінімнің күшін жоюға не оның шарттарын өзгертуге құқығы жоқ;

2) голланд сауда-саттығында сатылатын қаржы құралы осы сауда-саттыққа қатысушылар арасында тең мөлшерде бөлінеді, ал мәмілелер осындай тең мөлшерде сатуға арналған өтінімнің соңғы бағасы бойынша жасалады;

3) голланд сауда-саттығында сатылатын қаржы құралын сауда-саттыққа осы қатысушылар арасында тең мөлшерде бөлу мүмкін болмаған кезде сауда-саттық оларды өткізу әдісін ағылшын сауда-саттығы әдісіне ауыстырумен жалғастырылады; бұл ретте:

осы сауда-саттыққа қатысушылар мұндай ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартуға құқылы;

мұндай ағылшын сауда-саттығына қатысудан бас тартпаған сауда-саттыққа қатысушы сатылатын қаржы құралының бағасын ұлғайту жағына сатып алуға өтінім беруге міндетті;

осындай ағылшын сауда-саттығы өткізілмеді деп танылған және жарияланған жағдайда осындай ағылшын сауда-саттығы өткізілген голландтық сауда-саттық да өткізілмеді деп танылады және жарияланады.

118. Ағылшын (голланд) сауда-саттығының әрбір жеке итерациясы аяқталғаннан кейін (осы тарауға сәйкес сатып алуға өтінімді қанағаттандырғаннан кейін) Биржа сатушыға осы сауда-саттықта жасалған мәміле туралы мәліметтерді осы мәмілені жасаған сауда-саттыққа қатысушы туралы ақпаратты қоса отырып береді.

Көрсетілген ақпарат құпия болып табылады және осы ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін толық жауаптылықта болатын сатушыға ғана арналған.

119. Жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу мақсатында Биржа сауда-клирингілік жүйесінде мәмілелерді қалыптастырады.

120. Мәмілелер бойынша есеп айырысу Орталық депозитарийдің осы клиринг орталығымен жасасқан шартпен өзара іс-қимылы реттелетін клиринг орталығының бұйрықтары негізінде оның ережелер жинағына сәйкес Орталық депозитарий арқылы жүзеге асырылады.